Мамырбекова Гүлфар Мәжитқызы

Л 2024
3077к

ЕСКІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАЗБА НҰСҚАЛАРЫ

Л 2024|3044

Мамырбекова Гүлфар Мәжитқызы

ЕСКІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАЗБА НҰСҚАЛАРЫ

Алматы
«Шапағат-Нұр»
2012 жыл

А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының
ғылыми кеңесі ұсынған

УДК 81175126122 (075)
ББК 81.2 қаз-03я7
М18

Пікір жазғандар:
Жауапты редакторы: ф.ғ.д., профессор М.Малбақов

Мамырбекова Г.М.
М18 Ескі қазақ тілінің жазба нұсқалары. – Алматы; "Шапағат-нұр" 2012. -360 бет.

ISBN 9965-582-38-6

Рухани мәдениетіміздің тарихынан хабар беретін бұл еңбек тіл тарихы, түркітану, тарихи лексикология, тарихи грамматика саласымен айналысатын ғалымдарға, жоғары оқу орындарының студенттеріне, жалпы оқырман қауымға арналады.

УДК 811. 512. 122 (075)
ББК 81. 2Қаз -03 я7

ISBN 9965-582-38-6

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 0475554

Мамырбекова Г.М. 2012©
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 2012 ©

КІРІСПЕ

Қазіргі нормаланған, жүйеленген, стилдік тармақтары сұрыпталған әдеби тіліміз бүгінгі жеткен биік шыңына бір күнде қол жеткізбегені анық. Қазақ әдеби тілінің түп бастауы болып табылатын Түркі қағанатында өмірге келген Орхон-Енисей, Талас жазбалары, өзінен кейінгі қарахандықтар кезеңіндегі дәстүрлі түркі және ислами әдебиетпен жалғасын тапты, бұдан кейінгі Алтын Орда мемлекетіндегі ғұламалардың еңбектері жазба тілді одан әрі өркендетті. Тіпті бұнымен ғана шектелмей, бөтен елде билік жүргізген Мәмлүктер мемлекетінде де түркілердің небір жазба дүниелері қанатын кеңге жайып, жазу дәстүрінің арнасын кеңейте түсті. Бүкіл түркі халқына ортақ жазу мәдениетінің ең алғашқы түрі тас бетіне жазылып, X-XI ғасырлардан бастап қағазға таңбалана бастады. Міне, осылайша көне түркі дәуірінен басталған жазба тіл біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтар аралығында, рухани һәм мәдени дүниетанымымыздың айғағы болып табылатын көптеген әдеби мұралар мен шығармаларды бүгінгі ұрпаққа тарту етті.

Бұл аталған жазба дүниелердің барлығы өз кезеңіндегі жазу дәстүрінің қатаң нормасына бағынғанымен, бірте-бірте әр ұлттың жекелеген әдеби тілдерінің дамуына үлкен жол ашты. Жалпы қандай да бір жазба тіл болмасын өз дамуында түрлі өзгерістерді басынан кешіп отыратыны анық. Уақыт талабы алға ұмтылатын қарқынды даму процесін қажет ететіні айтпаса да түсінікті, яғни жазба тілдегі норма бүгін не ертең пайда бола қалмай, адамзаттың рухани ізденістері мен сұраныстары нәтижесінде бірге дамып, қалыптасады. Тіл дамуындағы жаңа үрдістер тек ескінің негізінде дүниеге келіп отыратынын ескерсек, ескі жазба дәстүрдің XX ғасырдың басына дейін жалғасып келгендігі заңды да.

Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу кеш қолға алынса да, қазіргі кезеңге дейін бұл салада ғалымдар тарапынан біршама тыңғылықты зерттеулер жүргізіліп, келелі тұжырымдар

жасалды. Атап айтқанда, қазақ әдеби тілінің шығу төркіні, қалыптасу дәуірлері мен даму жолдары, әр кезеңдегі жазба ескерткіштер тілі, әдеби тілдің тарихи көздері мен арналары, әдеби тілдің диалектілік негіздері т.б. мәселелер Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, С.Исаев, М.Балақаев, М.Томанов, Е.Жанпейісов, Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, Б.Әбілқасымов, Б.Сағындықұлы, М.Сабыр, т.б. ғалымдар тарапынан кеңінен зерттелді.

Ғалымдардың «қазақ әдеби тілі қазақ ру-тайпаларының халық болып өз алдына отау тіккен XV-XVI ғасырлардан бастап қалыптасты, бұл кезеңдерде ауызша әдеби тіл және жазбаша әдеби тіл қатар өмір сүрді» (*Р.Сыздықова*), «қазақ халқын құраған ру-тайпалар өздерінің мәдени өмірінде бірсыпыра уақыт бойы жазба әдеби тіл ретінде түркі тілдес халықтардың сауатты ұрпағына жақсы таныс және ортақ болған түркі әдеби тілін пайдаланды» (*Б.Әбілқасымов*) деген тұжырымдары қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуге берілген дұрыс бағыт-бағдар болды.

Кез келген ұлттың көне тарихын, тілін, мәдениетін, рухани құндылықтарын танып-білуге қажетті нәрсе – жазба ескерткіштер мен нұсқалар. Тарихтан белгілі болғандай, XIV ғасырдан бастап түркі тілдес тайпалар жеке-жеке халықтарға бөліне бастады. Ал XV ғасырдың соңына қарай өзбек, қазақ, қырғыз, татар сияқты нақты ұлттар қалыптасты. Міне, осы кезеңдерден бастап жеке халықтардың өздеріне тән әдеби тілінің негізі қалана бастады. Яғни, ескі қазақ тілі XV ғасырға дейін қазақ халқын құраған ру, тайпа тілдері ретінде өмір сүрсе, XV ғасырдан кейін қазақ ұлтының ауызша және жазбаша тілі негізінде әдеби тіліміздің қалыптасуына ықпал етті. Қазақ қоғамында, жазба тіл мен ауызша тілдің арасындағы айырмашылық XIX ғасырдың екінші жартысына дейін жалғасып келді. XV ғасырдан бері қарайғы жазба тіл орта түркі жазба әдеби тілінің жалғасы іспетті болғанымен де, оларда жергілікті халық тілінің элементтері жиі ұшырасып отырды. Аталмыш кезеңдегі

жазба нұсқалар тілін ортатүркі жазба ескерткіштермен салыстырғанда тек грамматикалық формалар жағынан ғана емес, лексика-семантикалық жақтан да сабақтасатындығын аңғаруға болады. Бұған көркем әдебиет тіліндегі *тон (киім), ата (әке),* хуб суратлық *(сұлу),* ау *(аңға шығу),* т.б., ресми стилдерде кезесетін *офат табды (өлді), ишандұру (*сендіру*), иуз көрішкенде (*кездесу*), бұзғақлар (*бұзықтық*),* т.б., публицистикалық материалдарда кездесетін *талаб алу (*тонау*), хүкім қылды (*бұйрық шығарды*), хош көрді (*дұрыс көрді*)* т.б. сөздер дәлел бола алады.

Қазақ қоғамында XVIII-XIX ғасырларда қызмет еткен жазба тіл ортатүркі жазу дәстүрін қатаң сақтап, ауызша тілден айтарлықтай айырмашылығы болуымен ерекшеленді. Сондықтан да, бұл кезеңдегі ескі қазақ жазба әдеби тілі бөтендік сипатқа ие болып **кітаби тіл** деген терминмен аталып келді. Бұл атау В.В.Радловтың 1870 жылы жарық көрген «Наречия тюркских племен, живущих в Южной Сибири и джунгарской степи» атты еңбегінде орыс тіліндегі **книжный язык** дегеннің орнына жұмсалған. Ал қазақ тіл білімінде кітаби тілге қатысты берілген анықтамалар негізінен жағымсыз реңде қалыптасқан. Мысалы, «шұбарланған тіл» (В.В.Радлов) «қоспа тіл» (С.Е.Малов), «касталық тіл» (І.Кеңесбаев, Қ.Жұмалиев), «дін тілі» (С.Аманжолов), «қазақ тілінің ерекшеліктері көп енген шағатай тілі» (Н.Т.Сауранбаев), «бөгде сөздермен былғанған, ауытқымалы тіл» (М.Балақаев), «араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек сөздерімен аралас жазылған, қазақтың мұсылманша оқыған, хат танитын адамдары да түсінбейтін қоспа тіл» (Б.Кенжебаев). Ал ғалым Ғ.Мұсабаев кітаби тілге керісінше, «қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл» деген баға берген болатын.

Қазақ қоғамының рухани-мәдени гүлденуіне елеулі ықпал еткен ескі қазақ жазба тілі Кеңестік кезеңде осылайша жағымсыз реңмен аталып, бөтендік сипатқа ие болды. Алайда, әр заманның өзіне сай саяси идеологиясы болатыны

мәлім. Сондықтан ескі қазақ жазба тіліміздің бұлайша аталуы билеуші елдің ұстанымымен тікелей байланысты болып келді. Әсіресе миссионерлік бағыттағы жұмыстар күллі араб жазулы дүниелерімізді жоққа шығаруға барынша атсалысты. Осының негізінде, орыс миссионерлері араб жазуының кемшін тұстарын жиі айтқыштап, орыс жазуына көшуге уағыздады. Ұлтым деген қазақтың «ұлы тұлғалары» халықтың күллі рухани дүниесі араб жазуында жатыр, араб жазуы – тарих тамыршысы, халық қазынасының қоймасы, - деп, оны жан-тәнімен қорғаштап, шырылдады. Алайда оларға арабшылдар, ескішілдер, қадымшылар, керітартпалар, ұлтшылдар, діншілдер, молданың шашбауын көтерушілер деген үлкен айып тағылды. Ал егемендікке ие болған қазіргі кезеңдегі тіл саясаты өткеніміздің тарихын ұлттық көзқарас тұрғысынан сипаттауға мүмкіндік алып берді. Өз бастауын ортағасыр жазбаларынан алып, соны кейінгі ұрпаққа дейін жалғастырып әкелген ескі қазақ жазба тілі **«рухани-мәдени феномен»** (*Н.Уәлиұлы*) ретінде тіліміздің даму тарихының қайнар көзі болып қала бермек.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған бұл кітапта XVIII-XIX ғасырлардағы жазба тілдің стилдік қызметі көрсетіліп, олардың тілдік ерекшеліктерін нақты дәлелдеу мақсатында және жазбаша формадағы құрылымдарын көрсету үшін ескерткіштердің түпнұсқалары мен транскрипциялары қоса беріліп отыр.

Жазбалардың түпнұсқалары М.П.Вяткиннің еңбегінен, Мәскеудегі Ленин атындағы кітапханадан, Мемлекеттік архивтегі қолжазбалардан, және ҚР Орталық Ғылыми кітапханасының, Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды.

Көптеген жазбалардың түпнұсқаларын үлкен ұстаздық қамқорлықпен ұсынған, бұл кітаптың шығуына мұрындық болған Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бабаш Әбілқасымұлы Әбілқасымовқа зор алғысымды білдіремін.

I ТАРАУ. ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІ
ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Ұлттық жазба тіліміздің негізі қаланған XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ тіл білімінде жазба тілді екі түрлі сипатта қарастыру орын алған еді. Оның бірі – қазақтың ұлттық жаңа жазба әдеби тілі де, екіншісі – кітаби тіл. Бұның соңғысы XX ғасырға дейін қазақ қоғамында қолданыста болды. Осы кітаби тіл термині қандай мағына береді, шынымен де кейбір зерттеушілер көрсетіп жүргендей «баспадан жарық көруіне» байланысты аталған ба? Егер баспадан жарыққа шығуына қатысты айтылған болса, ұлттық сипатта басылған шығармаларды қайда қоямыз? Ал жазба тіліміздің арғы тарихы күні бүгінге дейін неге осы кітаби тіл тұрғысынан қарастырылады? Кітаби тіл, кітаби лексика нені меңзейді?

Жоғарыда айтқанымыздай, ғалымдар тарапынан кітаби тілге шұбарланған тіл, қоспа тіл, касталық тіл, дін тілі, шағатай тілі, ауытқымалы тіл, аралас тіл деген сияқты анықтама берілген еді.

Қазақ ғалымдары арасынан ең алғашқы болып «кітаби тіл» терминінің дұрыс еместігіне назар аударған профессор Б.Әбілқасымов болды. Ғалым «кітаби тіл» терминінің қазақша әдебиеттерде екі түрлі ыңғайда, яғни «біріншісі – шағатай немесе орта азиялық түркі әдеби тілінің (тюрки) мағынасында, екіншісі – шағатай тілінің қазақ авторлары шығармасында қолданылған түрі ретінде аталғанын айта келіп, егер «кітаби тілді» шағатай немесе орта азиялық түркі әдеби тілінің синонимі ретінде танитын болсақ, XVIII-XIX ғасырда өмір сүрген сауатты қазақтардың баршасы өз туындыларын түркі әдеби тілінде жазған болады және ол тілді жете меңгерген болады. Ал шындығына келсек, XIX ғ. бірінші жартысында өмір сүрген қазақ азаматтары Шоқан, Махамбеттер өздерінің ағайын-тумасына жазған хаттарын шағатай не түркі әдеби тілінде жазуы ешбір мүмкін емес», -

дей отырып, бұл тілді қазақтың «көне әдеби тілі» деп атаған дұрыс деген пікір білдірген болатын [1, 121-123 б.].

Ал «кітаби тіл» дегеннің орнына «ескі қазақ жазба тілі» деген ұғымды ендіру қажеттілігін көтерген ғалым Н.Уәлиұлы болды. Ғалым қазақ қоғамында қолданылған араб жазуының сөйлеу тіліне негізделмеген Орта түркі дәуіріндегі, Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштерінің емле үлгісімен жазылып, бертін келе халық тілінің, сөйлеу тілінің элементтері аталмыш тілдің дыбыс, сөз жүйесіне бірте-бірте ене бастағанын, сөйтіп қазақ қоғамында ескі қазақ жазба тілі қалыптасқанын атап көрсетеді [2, 158 б.].

Академик Р.Сыздық XV-XIX ғасырлар аралығында қалыптасқан кітаби тіл бірте бірте қазақыланып XIX ғасырдың аяғына таман жалпыхалықтық негіздегі жаңа жазба әдеби тілмен астасып кетті дей отырып, «ескі қазақ жазба» тілінің алғашқы нұсқасы ретінде XVI ғасыр ескерткіші Қадырғали бидің «Жамиғат тауарихын» атап көрсетеді.

Біз ғалымдардың жоғарыдағы пікірлеріне толықтай қосыла отырып, мынадай тұжырым жасаймыз: кітаби тілге жатқызылған шығармалар тілінде қазақ тілінің арғы тарихи дамуын көрсететін құрылымдық жүйе сақталған және көне, орта түркі дәуіріндегі ортақ түркілік элементтердің ұлттар тіліне ыдырағаннан кейінгі кезеңдердегі қазақы болмысын бізге жеткізіп, ұлттық жазба тілдің қалыптасуына кең жол ашқандықтан кітаби тілге жататын жазбаларды **«ескі қазақ жазба тілі»** үлгілері деп тануымыз қажет. Қазіргі әдеби тіліміздің қазыналық сөздік қорын барынша молайтқан да осы дүниелер. Сондай-ақ кітаби тіл деп айдар тағылған ескі қазақ жазба тілі тек аз ғана топтың, яғни сауаттылардың ғана мүддесіне қызмет еткен жоқ. Өйткені тамырын VIII ғасырдан бастаған араб жазуы кириллица қабылданған кезеңге дейін қазақ халқының арасына кеңінен тарады. Ал Кеңес Одағы кезеңіндегі сауатсыз қазақтар санының аса көп мөлшерде көрсетіліп келуі, алаш арыстарының көзін жойған сұрапыл саяси идеологияның ықпалынан болған еді.

Өйткені күллі қазақ «әріп танымайтын қараңғы» болса, араб жазуымен мерзімді басылымдардың халық арасына жаппай таралуы да мүмкін емес жағдай болатын.

Туыстас өзбек, татар т.б. халықтар кітаби тіл терминін қолдану былай тұрсын, тарихи жазбаларындағы бөтендік сипатты жатсынбай, керісінше меншіктеп көне өзбек, көне татар тілі жәдігерлері деп танып келеді. Бұл орынды да. Себебі, орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің ортақ тілде жазылғандығы дау тудырмас, ал ұлт болып қалыптасқаннан кейінгі кезеңдердегі жазбалар тілінде жекелеген ұлттық сипаттағы тілдік белгілер жүйелі түрде кездесіп отырады.

Енді кітаби тілдің синонимі ретінде жұмсалып келген, **шағатай тілі** терминіне арнайы тоқтала кетсек. Араб жазулы қазақ жазбалары кітаби тілде немесе шағатай тілінде жазылды деген пікірлердің қалыптасуының негізгі себебін анықтау үшін, ең алдымен тіл тарихы мен түркітану саласында қалыптасқан түркі тілдерін топтастыру кезеңдері мен терминдеріне тоқталу керек. Бүкіләлемдік түркітану саласындағы қалыптасқан үрдіс бойынша түркі тілдерінің тарихын V-VIII ғасырлардан, яғни Орхон-Енисей ескерткіштері табылған кезден бастайды. Ал түркі тілдерін ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу ісі XIX ғ. орта тұсынан бастап қана қолға алынғаны мәлім. Жекелеген түркі тілдерінен деректер жинап, солардың негізінде ғылыми тұжырымдар жасау арқылы түркітану ғылымын жаңа белеске көтергендердің алғашқыларының бірі В.В.Радлов болды. Міне осыдан бастап түркі тілдерін зерттеу қарқынды дамып, соның нәтижесінде А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, Н.А.Баскаков сынды ірі ғалымдар түркі тілдерін топтастырып классификациялады. А.Н.Самойлович түркі тілдерін этникалық түпкі негізіне қарай топтастырса, С.Е.Малов жас мөлшеріне байланысты, Н.А.Баскаков түркі тілдерінің этнологиясымен қатар грамматикалық ортақ заңдылықтарын, олардың қалыптасу, даму тарихын

басшылыққа алды.

Н.А.Баскаков түркі тілдерінің дамуын алты дәуірге бөліп қарастырғаны белгілі:

1) Алтай дәуірі

2) Хун дәуірі (б.з.д. V ғ.)

3) Көнетүркі дәуірі (V-X ғғ.)

4) Ортатүркі дәуірі немесе негізгі түркі тайпалар тілінің қалыптасып даму дәуірі (X-XV ғғ.)

5) Жаңатүркі дәуірі немесе белгілі бір халық тілінің қалыптасып даму дәуірі (XV-XX ғғ.)

6) Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі түркі тілдері дамуының жаңа дәуірі [3, 113]. Н.А.Баскаковтың бұл топтастыруынан кейінгі ғалымдар тарапынан басқаша көзқарас орын ала қойған жоқ. Керісінше, тіл білімінде бүкіл түркі тілдерінің тарихын осы бағыт бойынша топтастыру қалыптасып кетті.

Ғалым Н.А.Баскаков ортатүркі дәуіріндегі түркі тілдерінің өзін екіге бөліп көрсеткен болатын:

а) Қарахандық кезең (X-XII ғ.ғ) және

ә) Моңғолдық кезең (XIII-XV ғ.ғ.).

Алайда, ғалымның көрсетіп отырған моңғолдық кезеңінде моңғол билігі үстем болғанымен де олардың тілі түркі тілдерінің ешқайсысына қатты әсер ете қойған жоқ және моңғол элементтері түркі тілдерінің лексикалық қорына молынан енбеді де. Ал моңғолдардан бұрын VIII ғасырда арабтардың басып алуы түркі халықтарының тіліне қатты әсер етіп, араб, парсы сөздері молынан енді, тіпті араб және парсы тілінде шығарма жазу үрдісі қалыптасты. Бұның негізгі себебін түркі жеріне араб жазуының қолданысқа енуімен байланыстырамыз. Яғни, араб графикасы жергілікті тілге айтарлықтай ықпал етті. Сол кезеңде араб және парсы тілінің заңдылықтарын қоса меңгеру жазу білетін адамның сауаттылығын көрсетеді деген психология қалыптасты. Бұдан бөтен халықтың графикалық таңбалары екінші халықтағы жазба тілдің қалыптасуына, жазба мәдениеттің нормалануына үлкен әсер ететінін көреміз.

Біздің ойымызша, жоғарыдағы Н.А.Баскаковтың XIII-XV ғасырлар аралығын моңғолдық кезең деп көрсетуі түркітану саласында **шағатай тілі** терминінің қалыптасуына ықпал етті.

Мәселен, белгілі түркітанушы ғалым Э.Р.Тенишев қазіргі түркі халықтары ұлттық кезеңге дейін ортақ форма ретінде шағатай әдеби тілін қолданған дей отырып түркі тілдерінің даму кезеңін алтыға бөледі де, шағатайлық дәуірге XV-XVIII ғасырлар аралығын жатқызады:

1. Көне түркі (V-X ғғ.)
2. Көне ұйғыр (VIII-XVII ғғ.).
3. Қараханидтік-ұйғыр (XI-XII ғғ.)
4. Хорезмдік-түрки (XIII-XIV ғғ.)
5. Шағатай (XV-XVIII ғғ.)
6. Түрки (XIX-XX ғғ.) [4].

Ғалымның пікірі бойынша, бүкіл түркі тілді халықтарда (башқұрт, татар, қазақ, қарашай, балқарлар т.б.) шағатайлық дәстүр, тіпті одан бұрынғы хорезмдік әдеби дәстүр үзілмей жалғасып келген. Ал шағатай жазба тілі бірте-бірте жергілікті халықтық элементтермен молығып, жазба тілдің жергілікті қолданыстағы варианттары пайда болған. Бұны ғалым Молда Нияздың дастанына қатысты өз пікірін айта келіп дәлелдейді, яғни дастан қазақ ортасында жазылғандықтан, поэмада қазақ тілінің заңдылықтары басым, сондықтан бұл тілді ***ескі қазақ әдеби тілі*** деп айтуға болады дейді. Бұл жерде ғалым шағатай тілінің негізінде жергілікті қолданыстағы, ескі қазақ жазба әдеби тілінің дамығанын ескертіп отыр [4].

Ал кейбір ғалымдар шағатай тілі XIV-XV ғасырларда қолданыста болған тіл екендігін, қазақ тіл біліміндегі кітаби тіл осы шағатай тілінің жалғасы болып табылатындығын және шағатай тілінің көркем жазба әдебиетке, іс-қағаздарына (хаттар, хан жарлықтары), діни еңбектерге тән бірнеше стилдік тармақтары болғандығын айтады [5, 95-101].

Жоғарыдағы ғалымдар тұжырымдарынан көріп тұрғанымыздай, шағатай тілінің құрамына қандай түркі

тілдерінің кіретіндігі, қай кезеңді және қандай тілдерді қамтитыны, терминнің қалай қалыптасқандығы, қай дәуірдің тіліне байланысты қолданылғандығы туралы ғалымдар арасында нақты айтылған немесе бірізді қалыптасқан пікір жоқ. Осыған орай, XVIII-XIX ғғ. ресми құжаттар мен хаттар, кеңсе іс қағаздары және қазақтың алғашқы газеттер тілі де кітаби тіл немесе шағатай тілі деп аталатын жазба әдеби тіл дәстүрінде жазылғандығы туралы үнемі зерттеушілер тарапынан айтылып жүр. Алайда шағатай тілі терминінің моңғол билігіне қатысты қалыптасқандығын және оның көне өзбек тілінің синонимі ретінде де айтылатынын ескерсек, оны XV ғасырды былай қойғанда қазақ деген халықтың толықтай ұлт дәрежесінде қалыптасуы аяқталған XVIII-XIX ғасыр жазба тілмен байланыстыру дұрыс болып есептелмейді. Себебі, қазақ халқы өзінің жазба әдеби тілі ретінде әріден қалыптасқан әмбебап сипаттағы түркі жазба тілін пайдаланғанымен де, XV ғасырдан бастап жеке ұлт болып қалыптасуына байланысты ауызекі сөйлеу тілі элементтерін жазба тілге молынан ендіре бастады. Яғни жазбаларда кейбір түркі халықтарына (қазақ, ұйғыр, татар, өзбек, т.б.) жаппай түсінікті болу мақсатында қолданылған ортаазиялық түркі әдеби тіліне тән орфографиялық белгілер, морфологиялық формалар сақталғанымен де, халықтық тілдің (қазақ тілінің) элементтері жүйелі түрде қолданылғанын жоққа шығара алмаймыз. Қатаң нормаға бағынған жазба тілдің дәстүрлі жүйесі өз әсерін қазақ жерінде XX ғасырға дейін жоймағаны белгілі. Сондықтан да араб жазулы жәдігерлердің тілінде кездесетін көне және ескі элементтер оның шағатайша жазылғандығының көрінісі емес және шағатай тілі деген атауға қарама-қарсы қойып салыстыратын тілдер де жоқ. Бұл атаудың моңғол тіліне де ешқандай қатысы жоқ. Яғни белгілі бір өнірді билеуші адамның есімін ғана көрсетіп отыр деуге болады.

Сонымен «шағатай тілі», «кітаби тіл» деген атаққа ие болған ескі қазақ жазба тілі соншалық жат болса неге

әдеби тілдің бірнеше стилдерінде еркін қолданыста болды? Демек, ескі жазба тілдің қолданылу аясының кеңдігі оның өміршеңдігін көрсетеді. Бұған оның бір емес бірнеше стилдік тармақтар бойынша халыққа қызмет етекендігі дәлел бола алады. Яғни ескі қазақ жазба тілінің бірнеше салаларда қолданылуының өзі оның бұқарашылдық сипатта болғандығының дәлелі. Сондықтан да ескі қазақ жазба тілінде дүниеге келген жәдігерлерімізді ешкім түсінбеген кітаби тілде жазылды немесе тек сауаттылардың мүддесіне жарады деп сыртқа теппей, тарихи төл туындыларымыз ретінде қабылдауымыз қажет. Егер шынымен де, ескі қазақ жазба тілі азғантай топқа ғана жарамды болған болса, бұл тіл көркем әдебиет стилінде, ресми іс-қағаздары стилінде, публицистикалық стилде, эпистолярлық стилде, сонымен қатар ғылыми көпшілік әдебиет стилінде қолданыста болып, XX ғасырға дейін жалғасын таппас еді.

Қорыта айтқанда, ескі қазақ жазба тілі қазіргі әдеби тіліміздің дамуына жол ашқан үлкен арналардың бірі. Көне одан кейін орта түркі дәуірлерінен бастау алған ескі жазба тілдің құрылымындағы дәстүрлі қатаң әмбебап норма XV ғасырдан XX ғасырға дейінгі аралықта бірқатар өзгерістерге ұшырап өз заманының жазу мәдениетінің озық түрін қалыптастырды. Көне түркі тілі болсын, орта түркі тілі болсын тіпті бертінгі ескі қазақ тілі болсын бұлардың барлығын да өз заманындағы жазу мәдениетінен оқшау қарастыруға болмайды және осы үш жазба тілдің (көне түркі тілі, ортатүркі тілі, ескі қазақ тілі) сабақтастығы мен байланысын үнемі есте ұстаған абзал. Өйткені алдыңғы екі жазба тілдің (көне, орта) негізінде қалыптасқан ескі қазақ жазба тілінің құрамынан сол дәуірлердің куәсі ретінде сақталған тілдік бірліктерді де, таза ұлттық жазба тілдің белгілерін де кездестіре аламыз.

Сөз соңында айтарымыз, ғалым Ғ.Мұсабаев атап көрсеткендей, «кітаби тіл ешқашан құбыжық болған емес».

1.2 ОРТАТҮРКІ ЖӘНЕ ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Мындаған ғасырды қамтитын тілдің даму сипатын анықтау үшін оны көнеден жаңаға және жаңадан көнеге қарай салыстырып, тарихи тұрғыдан зерттеу қажет-ақ. Өйткені, көне, тіпті одан да арғы тілден өрбіген қазіргі түркі тілдері бір-бірімен өзара сабақтасып немесе қайтадан ыдырау сияқты құбылыстарды басынан өткізгені айтпаса да түсінікті. Алайда, әлемдік түркологияда осы кезеңге дейін түркі тілдерінің көне қабаттары, оның ішінде ататүркі (пратюрки), түптүркі (прототюрк) деңгейі кең көлемде зерттелген емес. Ал қазақ тілі мамандары тарапынан түркітану саласына қатысты зерттеулер тек 1950 жылдары ғана қолға алына бастағаны белгілі. Оған С.Е.Маловтың қазақ тілі тарихын зерттеуге тікелей қатысы бар көне және орта түркі жазба нұсқалары деген пікірі әсер еткенін жоққа шығара алмаймыз.

Ескі қазақ жазба тілінің құрылымын XV ғасырға дейінгі ру, тайпалардың тілдік ерекшеліктерін көрсететін ортағасырлық ескерткіштерден бөлек қарастыра алмаймыз. Себебі, ескі қазақ жазба тілі олардың заңды жалғасы болып табылады. Тіпті қазіргі түркі тілдерінің барлығының ортағасырлық мұралармен тілдік байланысы тереңде жатыр. Жалпы орта ғасырдағы мұралар қыпшақ, қыпшақ-оғыз немесе оғыз-қыпшақ тілдерінде жазылғандығы ғалымдар тарапынан тұжырымдалған. Осыған орай Орта Азия, Алтын Орда және мамлюк (Египет) қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер болып бөлінетіні мәлім. Орта Азия мен Алтын Ордада жазылған жәдігерлердің басым бөлігі түркі әдеби тілінде жазылған көркем шығармалар. Ал Египетте (мамлюк қыпшақтары тілінде) жазылған ескерткіштер қыпшақ тілін үйренуге, зерттеуге арналған сөздіктер. Бұл сөздіктер қыпшақ тілінің ресми тіл болуымен байланысты заман талабының қажеттілігіне сай жазылған

еді және қыпшақ тайпаларының ауызекі сөйлеу тілінің негізінде құрастырылды.

Сондықтан да XI-XIV ғасырлар аралығында Алтын Орда мен Египетте жазылған жазба ескерткіштердегі тілдік бірліктерді ескі қазақ жазба тілімен салыстыра қарастырудың маңызы зор. Ескі қазақ жазба тіліне қатысы айқын жәдігерліктерге XI-XIV ғасырлар аралағында қыпшақ тілін үйретуге арналған оқулық түрінде түзілген сөздіктерді жатқызуға болады.

Жалпы қыпшақ жазба ескерткіштері әр жерде, әр ғасырда жазылса да оларда фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және морфологиялық ұқсастықтар жүйелі түрде сақталған. Сондықтан да: «Орта ғасыр қыпшақтары бір тілде сөйлеген, қай өңірді жайлап, қай атырапта жүрсе де олардың ана тілі біреу болған. Барған елге, басқан жерге сол тілді ала барған. Шек келтірмес шынай шындық осы» (*Ә.Құрышжанов*).

Профессор Ә.Құрышжанов XIII-XIV ғасырлардағы ескерткіштерді жазба және ауызша тіл ескерткіштері деп екіге бөледі. Яғни жазба тіл ескерткіштері көне ұйғыр, дәстүрлі түркі және араб, парсы тілдерінің әсеріне ұшыраса, ауызша тіл ескерткіштері қыпшақтардың таза ауызекі сөйлеу тіліне негізделген, оларға қыпшақ тілін үйретететін оқу құралдары мен сөздіктер жатады. Сондықтан ортағасырлық қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің сабақтастығын ашу үшін де ортадағы ескі қазақ жазба тілінде жазылған ескерткіштердің тілдік ерекшеліктерін сипаттаудың маңызы зор. Ең алғашқы ескі қазақ жәдігерлері XVI ғасырдың басында жазылған Қадырғали Қосымұлының «Жамиғат тауарихы» мен Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі». Бұл шығармалар ортағасырлық қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілін байланыстыратын, сабақтастыратын, жалғастыратын ең басты еңбектер болып табылады.

Тарихшылардың көрсетуінше XI-XII ғасырларда пайда болған қыпшақтар ұлысы құрамында қимақ, куман,

печенег, оғыз тайпалары болған. Одан әрі күшейіп мемлекет дәрежесіне жеткен қыпшақтар қол астына басқа да түркі тектес тайпаларды шоғырландырады да, XII-XIV ғасырларда Алтын Орда мемлекетінде қыпшақ тілі ресми тіл болады. Ал қазақтардың түркі тайпаларынан бөлініп өз алдына халық болып қалыптасқан XV ғасырдан XX ғасырға дейін сақталған ескі қазақ жазба тілінің құрылымын айқындау үшін ортатүркі тілінің тарихы есепке алынуы шарт.

Ғалымдардың басым көпшілігі орта түркі ескерткіштерін

1. Дәстүрлі түркі әдеби тілінде жазылған шығармалар .

2. Жергілікті халық тілінде жазылған шығармалар деп екіге бөліп қарастырады.

Дәстүрлі әдеби тіл негізінде жазылған көптеген шығармаларға Рабғузидің «Қиссасу-л-ән-бие», Құтбтың «Хұсырау уа Шырын», Хорезмидің «Мұхаббатнама», Әлидің «Нахадж әл-Фарадисі», Сарайдың «Гүлістан бит-түрки», А.Иүгнекидің «Һибат-ул хақайық» т.б. жатқызса, жергілікті халық тілі негізінде жазылған ескерткіштерге Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметін», С.Бақырғанидың «Хикметі» және осы дәстүрді жалғастырушы ақындардың шығармаларын жатқызады.

Жалпы әріден келе жатқан дәстүрлі жазба тілдің қалыптасқан заңдылықтары болатыны даусыз. Ал оны анықтау оңай емес. Себебі, ортағасыр ескерткіштерінің барлығында бұрыннан келе жатқан дәстүрлі жазуды сақтау ұстанымы да, жергілікті тіл ерекшелігін қолдану да орын табады. Ғалым А.Зайончковский қараханид, алтынорда, мысыр, ескі османтүркілік ескерткіштер тілін бір бірімен салыстыра, отырып зерттегенде ғана олардың тілдік жүйесіндегі тілдік сабақтастықты, айырмашылықтар мен ұқсастықтарды нақты болжауға болатынын ескерткен. Сондықтан ортағасырлық түркі тілі мен ескі қазақ жазба тілі арасындағы ұқсас не айырым белгілерді табу үшін олардың грамматикалық, лексикалық, фонетикалық, морфологиялық құрылымы мен құрамын салыстыра, салғастыра отырып, яғни барлық тіл

деңгейлері бойынша жүйелі түрде зерттеу қажет.

Ескі қазақ тілі үлгілері ортатүркі жазба дәстүрі нормасын қатаң сақтағандықтан да, жазбалар тілінен оғыз, қарлұқ-ұйғыр, қыпшақ, бұлғар элементтерінің қайсысын болса да кездестіруге болады. Сондықтан да ескі қазақ жазба тілінің сөздік қоры таза қазақтық сипатта болған жоқ. Жалпы таза қыпшақ, таза оғыз немесе қарлұқ-ұйғыр тілінде жазылып қалған ортағасыр ескерткіші кездеспейді. Тіпті бұл тайпалар тілінің бір-біріне әсері кейінгі жеке халықтар тілінде де сақталуы әбден мүмкін. Осыған орай ғалымдардың мынадай орынды пікірін келтіре кетуді жөн көреміз: «Әрине бүгінгі түркімендер бір кездегі оғыздардың заңды жалғасы екендігі немесе бүгінгі қазақтар тарихи тұрғыдан қыпшақтармен ұласатындығы, соның салдарынан бүгінгі түркімен тілі бір заманғы оғыз тілінің, ал қазақ тілі бір уақыттағы қыпшақ тілінің негізгі заңдылықтарын бойларына сақтағаны ешбір дау көтермейтін мәселе. Алайда, мына нәрсені ескеру керек, замандар бойы бір-бірімен қанаттас, көршілес отырған, бір-бірімен араласып жатқан тайпалар қазіргі түркі халықтарының қайсысында да өз іздерін қалдырды. Соның салдарынан бір кезгі оғыз тайпасы тілінің элементтері қыпшақ тобындағы тілдерде ұшырасса, ескі қыпшақ тілінің элементтері қазіргі оғыз тобындағы тілдер құрамынан кездесіп қалуы да ықтимал» [6, 184].

Жалпы орта түркі және қыпшақ тілді ескерткіштер әдеби көркем шығарма түрінде де, сөздік не оқулық түрінде де жеткені белгілі. Ал әдеби көркем шығарма тілі мен сөздік тілінде өзіндік айырмашылықтар болатыны мәлім. Көркем әдеби ескерткіштерде тұрақты-бейнелі сөз тіркестері мен синонимдер, антоним, омонимдер және т.б. тілдік қабаттар молынан қолданылатындықтан сөздіктерге қарағанда салыстырмалы талдауға өте қолайлы болып келеді. Ал ортағасырлық қыпшақ тілді сөздіктердің артықшылығына тіл-тілдегі аудармалардың немесе баламалардың көрсетілуін жатқызуға болады.

Жазба ескерткіштер кез-келген халық тарихының түп қазынасы ғана емес, ұлт тілінің ұзақ ғасырлардағы пайда болуы мен қалыптасуының, дамып жетілу жолдарының дәйегі. Сондықтан ескі қазақ жазба тілі құрылымындағы сыры жұмбақ немесе белгісіз ерекшеліктердің шешімін табу үшін жазба жәдігерлердегі тілдік деректерге сүйенудің маңызы зор. Өйткені қандай тіл болсын ұзақ ғасырлық дамуында өз бойында көне тілдік белгілерді сақтап қалары сөзсіз. А.М.Щербак бұл туралы былай дейді: «Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует про языковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, прошедших сквозь призму многократных и разновременных смещений» [7, 22].

Ескі қазақ жазба тілі мен ортағасыр ескерткіштері тіліндегі сабақтастықты, ұқсастықты немесе айырмашылықты іздегенде екі кезеңдегі нақты тілдік материалды қолдана отырып дыбыстық өзгерістерге баса назар аударған дұрыс-ақ. Мәселен, ескі қазақ жазбаларындағы *ашлық* (астық), *бауғузлау* (бауыздау), *бойұн* (мойын), *бұғдай* (бидай), *бұрұн* (мұрын), *иығлатар* (жылатар), *шарылха* (жарылқа), *иүзүм* (жүзім), *ұнұт* (ұмыт), *ағыз* (ауыз), *ағыр* (ауыр) т.б. көптеген сөздер оның орта түркі жазба дәстүрін сақтағанының көрінісі болып табылады. Яғни *ш* әрпі орнына *ч* (үчүн), *с* орнына *ш* жазу (иаш), көпшілік жерде *қ* орнына *х* жазу (ұхсау, иахшы), дыбыс үндестігінің сақталмауы (ұғұлны, адамны, хуб суратлы), соңғы буында *і, ы* қысаң дыбыстарының орнына еріндіктерінің жазылуы (берүб, келүб), *р, г, л* дыбыстарының сақталуы (туғмыш, ерді, олтұрды, сөз аяғындағы *т, к, г* дыбыстарының сақталуы *дост* (дос), *тірік* (тірі), *ұлұғ* (ұлы), т.б.

Ғалым М.Сабыр атап көрсеткендей: «Тарихтың терең қатпарларынан, ежелгі түркі дәуірінен де арғы замандардан келе жатқан дыбыстар, дыбыстық өзгерістер түркі рутайпа тілдерінің дамуына, бергі заманда ұлт тілдерінің

қалыптасуына, әр халықтың лексикалық қорының түзілуіне тікелей игі ықпал етті» [8, 21]. Және соңғы кезеңдердегі морфонологиялық бағыттағы зерттеулердің әдістерін қолдана отырып талдау жүргізсе біршама басы шешілмеген мәселелерді айқындауға болатын сияқты. Себебі, кейбір дыбыстық өзгерістерді қандай құбылысқа жатқызуға болатындығы қиынға соғып отырғаны шындық.

Түркі тілдеріндегі дыбыстық өзгерістердің тарихы – бұл қазіргі жеке тілдерге ыдыраған тілдердің фонетикалық жүйесінің құрылымы болып табылатындықтан сөздің жамылғысы болып есептелетін дыбыстар жүйесі мағынаға қатты әсер етеді. Н.С.Трубецкой мағынадан алшақ жатқан дыбыстықдаму ендігі жерде мағынаға ие болмайтынын айтқан және тек фонетикалық бағыт мағына ажыратушы бірліктерді көрсете алмайтындықтан, фонеманы фонологияның аясында қарастыру керек деп қорытады [9, 110]. Түркі тілдеріндегі дыбыстарды салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу тек елуінші жылдарда ғана басталғаны белгілі. Оны ең алғаш Н.К.Дмитриев, Ф.Г.Исхаков, Д.Г.Киекбаев, Н.А.Баскаков сияқты ғалымдар қалыптастырған еді. Н.А.Баскаков өз зерттеулерінде бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр тілдеріндегі дыбыстар фонологиялық даму процесінде өздерінің ерекшелігін сақтап қалғанын айтады [10, 16].

Сондай ақ тарихи салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулерде басқа салаларға қарағанда лексика-семантикалық талдаудың маңызы бірінші орында тұрмақ. Осыған орай К.М.Мусаев мынадай пікір айтқан болатын: «Если при сравнительном изучении фонетики и морфологии исследователь оперирует соответственно десятками и сотнями языковых элементов, то при сравнительном исследовании лексики ему приходится оперировать уже элементами, в несколько сот, а то и тысячи раз превышающими указанное качество. Это в определенной степени является объективной причиной отставания направления сравнительно-исторических исследовании по

лексике и семантике тюркских языков, такие как языков мира вообще» [11, 3].

Сондықтан да орта түркі мен ескі қазақ жазба тілін бір біріне қарама қарсы қойып талдағанда тілдің даму деңгейлері тереңірек ашылады. Яғни А.А.Леонтьев көрсеткендей бір тілдің әр дәуірдегі сипаты көрінеді: «До сих пор мы говорили о родстве языков и при этом исходили из того, что они всегда развиваются в одном направлении: от меньшего числа языков к большему, от праязыка к дочерним языкам. На самом деле все гораздо сложнее. Языки могут не только расходиться не реже они идут друг-другу навстречу» [12, 26].

Белгілі бір сөздің тарихи мағынасы ру-тайпа өмірімен тығыз байланысты болғандықтан, тілдер арасындағы ерекшеліктер лексика-семантикалық байланысты салыстырып-саралауда айқын білінеді. Себебі. Б.А.Лариннің көрсетуінше: «Далекая цель исторической лексикологии – выяснение таких компонентов словарной системы языка, которые в истории его развития эволюционируют единым фронтом, т.е. обнаруживают прочные, устойчивые связи» [13, 12].

Мәселен, ескі қазақ жазбаларында қазір таныс емес не болмаса қазіргі кезеңде ұмыт болған, семантикалық өзгерістерге түскен немесе күнделікті қарым-қатынас тілінде қолданыла бермейтін ескіліктер қатары өте мол. Ондай сөздерді екі топқа бөлеміз:

1. Жеке сөздер
2. Сөз тіркестері

Жеке сөздер қатарына мыналарды жатқызуға болады:

Үстін. Ортағасыр ескерткіштерінде жоғары, басым деген мағынада жұмсалған: *Үстүн таңрі алтын иалаңуқ – Тәңірі жоғары, төменде – халық* (Алтын иаруқ). Бұл сөздің осы мағынада жұмсалуы қиссалар тілінде көп кездеседі.

Көзле. Ескі қазақ жазба нұсқаларында кездесетін қарау, бақылау мағынасындағы *көзле* сөзі «Хұсрау уа Шырында» да дәл осы мағынада жұмсалған: *Сени иырақдын көзлегеиин* (Сені алыстан қарап тұрамын). *Олтұртты иол башында*

көзлетіб иол (Жол басына жол қаратып отыртты).

Сонымен қатар, *көнік* (ат, жылқы), *жақ* (садақ), *кече* (түн), *біліг* (ақыл), *бічу* (кесу), *сұру* (қуу), *инану* (сену), *ишандұр* (сендіру), *атғучы* (мерген), *ау* (аң), *бурж* (шоқжұлдыз), *иоғұрқан* (көрпе), *емкек* (бейнет), *ұлұғ* (үлкен) т.б. Мұндай ескіліктерді жүздеп теріп көрсетуге болады.

Орта түркі жазбаларында актив қолданыста болған араб, парсы сөздерінің де ескі жазба тілде сол мағынада жұмсалуы екі тіл арасындағы сабақтастықты айқындайды. Мәселен, *акабир* (жасы үлкендер), *акаһ* (ескерту), *аксар* (өте көп), *алижаһали* (ұлы мәртебелі), *аликаһали* (биік тақты), *дәфине* (құнды мүлік), *диуар* (бекініс), *жазағ уа фазағ* (қатты қайғылану), *забат* (билік), *дабыт* (әскербасы), *зағифа* (әйел), *зайғ* (жоғалу, құру), *заһад* (құдайға құлшылық етуші), *заһар* (*у*), *заһир* (жариялау), *азарде* (ренжісу), *әһәнәт* (қорлық) т.б.

Сөз тіркестерінің қатарына *көтеріле аттану* (топтанып жолға шығу), *түп көтеру* (жайпап кету, шығындау), *жортар ат* (жүріске мықты ат), *ғарық қылу* (суға кету), *хал тілі* (адамзат түсінетін тіл), *ауға бару* (аң аулау), ағаз қылу (*бастап алып шығу*), ағыр ләшкер (*қалың қол*), ажиз болу (*әлсіреу*), азар беру (*қорлық көрсету*), бимар болу (*ауруға ұшырау*), дұғайбәд қылу (*теріс бата беру*) т.б. жатқызуға болады.

Морфологиялық салыстыру арқылы да орта түркі және ескі қазақ жазбаларының арасындағы сабақтастықты көруге болады. Мәселен, есімдіктердің септелген түрлері *баңа, бенге, бенім, бенден,* түрінде, ал *деп* көсемшесі *дайу* түрінде, есімшенің *-ған* жұрнағының орнына *мыш,* III жақтағы жіктік тұлғаның *дур* формасымен келуі, *у* жұрнағының орнына *-ғу*, есімшенің *-тұғын*, *-тын* тұлғасы орнына *тұрған* (бара тұрған) сөзінің қолданылуы, көмектес септігінің *бірлән, билә* түрінде болуы, сөздердің алдына парсының *би, на* префикстерінің қолданылуы, *е* етістігінің *ер* түрінде, *бол* етістігінің *ол* түрінде тұруы, сын есімнің *-дай, -дей*

жұрнағының орнына *-дек* тұлғасының қолданылуы т.б.

Сонымен, орта және ескі қазақ жазба тілі арасынағы сандаған ғасырлар олардың арасындағы сабақтастыққа да, айырмашылыққа да себепші болатыны сөзсіз. Өйткені тілді тұтынушы адамзат әр заманда өзіне дейінгі қолданыстағы сөздік қорды қолдана отырып, өз тарапынан да өзгерістер енгізеді, яғни сөздік қорды байыта отырып бұрыннан келе жатқан кейбір лексикалық элементтерді қолданыстан шығарады немесе басқа тың мағынада жұмсауға ұмтылады. Тілдің осындай даму және қалыптасу заңдылықтары орта және ескі қазақ тілінің арасында да айтарлықтай орын алғаны анық. Қорыта айтқанда, орта түркі және ескі қазақ жазба тілінің байланысы тереңде жатыр, екі дәуірді салыстыра қарағанда ортақ сөздер бір қалыпта, бір мағынада қалып қоймай өзгерген, кеңейген немесе тарылған. Кейбір сөздер фонетикалық және семантикалық тұрғыдан өзгеріссіз сақталса, енді бірі фонетикалық не семантикалық өзгеріске ұшыраған. Тіпті лексикалық мағыналары мен сырт тұлғалары мүлде өзгеріп кеткен сөздер де кездеседі.

Мысалы, ең алғашқы ескі қазақ жазба тілі үлгілері болып табылатын Әбілғазының «Түркі шежіресі» мен Қадырғалидың «Жамиғат тауарихында» дәстүрлі жазу нормасы берік сақталғанымен, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін орта түркі ескерткіштері тілімен тікелей салыстырғанда елеулі айырмашылықты аңғаруға болады.

Мысалы, XI ғ. ескерткіші болып табылатын Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы»:

Өкүш ианашған тил ей алмас иағы
Сөзүң бошлуғ етме иыға тут тилиң
(Мылжыңдаған тіл алдырмайтын жау
Беталды сөйлей берме тіліңді тый).
Кішіг тил ағырлар булур қут иісі
Кішіг тил ужузлар иарыр ер басы
(Кішкентай тіл қадірлі қылар
Кішкентай тіл басыңды жұтар).

Жүсіп Баласағұн «Құтты біліг»:

Мени емгәтур тил еди өг телим
(Мені тіл аса көп азапқа салды).
Киши сөз билә қапты болды малик
Өкүш сөз башыг иерге қылды күлүк
(Кісінің сөзден беделі көтеріледі
Көп сөз болса басты жерге тығып күл етеді).

Ал ескі қазақ жазба тілінің алғашқы нұсқалары болып табылатын XVI-XVII ғ.ғ. ескерткіштері «Түркі шежіресі» мен «Жамиғат тауарих» мәтіндерін аудармасыз-ақ, еш қиындықсыз түсінуге болады, яғни қазақ тілінің ерекшеліктері сақталған. Сондықтан да олар «ескі қазақ жазба тілінің» алғашқы нұсқаларының қатарынан орын алады:

Түркі шежіресі: *Ағызларыңыз бір болса ұзақ иыллар уа көб күнлер бұ иұртлар қолұңыздын чықмас* (Ауызбіршіліктеріңіз болса, ұзақ жылдар мен көп күндер бұл жұрт қолыңыздан шықпас).

Түркі шежіресі: *Барчасыны өз ағызыға бақтұрұб мұсылман қылды* (Баршасына өз әмірін жүргізіп, мұсылман қылды).

Түркі шежіресі: *Мені тақы ала бар имамның астанасына баш ұрайын деді* (Мені тағы ала бар имамның табалдырығына бас иейін деді).

Жамиғат тауарих: *Дүниенің төрт бұрычын билеген хан, халайықын әділлік білән сұрған хан, иетімлерге рахым қылыб, чығайларны тойдұрған хан* (Дүниенің төрт бұрышын билеген хан, халқын әділдікпен ұстаған хан, жетімдерге рақым қылып, кедейлерді тойдырған хан).

Жамиғат тауарих: *Сансыз хан ұғлы сұлтанларны ешігінде табұғ еттурген хан* (Сансыз хан ұлы сұлтандарды есігінде табындырған хан).

Жамиғат тауарих: *Тахтың сенің таққа ұхшар, халқың сенің сайа даулетге ұхшар, затың сенің мисал айға ұхшар, әділің сенің бұлтқа ұхшар, фиғылың сенің шафағатқа*

ұхшар, хайрың сенің теңізге ұхшар (Тағың сенің таққа ұқсар, халқың сенің байлықтың құдіретіне ұқсар, бейнең сенің айға ұқсар, әділдігің сенің бұлтқа ұқсар, пейілің сенің шапағатқа ұқсар, қайырымдылығың сенің теңізге ұқсар).

Қорыта айтқанда, қоғам дамуымен қоса өзгерістерге ұшырап, динамикалық қозғалысты басынан өткерген ескі қазақ жазба тілінің алғашқы туындыларында әмбебаптық сипат (қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдерінің лексикалық, грамматикалық формаларының аралас болуы) басым болды, яғни жазуда ортақ дәстүрлі норманы сақтау бірінші орында тұрды. Осы жағынан алғанда:

Біріншіден, ескі қазақ жазба тілі X-XIV ғғ. классикалық жазба дәстүрдің «қазақы» болмысын қалыптастыруға жол ашқан алғашқы жазба мәдениет болды.

Екіншіден, хан-билердің мемлекеттік маңызы бар ірі мәселелерді шешуде саяси қарым-қатынас орнатудағы негізгі құралы болды және осының нәтижесінде ескі қазақ жазба тілі ресми іс-қағаздары стилінің ең алғашқы үлгілерін қалыптастырды.

Үшіншіден, адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасу қажеттілігін өтеді. Осының нәтижесінде эпистолярлық туындылардың тұңғыш үлгілері пайда болды.

Төртіншіден, түркілер дүниетанымынан бастау алған «ислами» әдебиеттің қазақ ғұламалары (М.Көпейұлы, М.Қалтайұлы, Ж.Шайхыисламұлы, т.б.) тарапынан одан әрі дамуына айтарлықтай ықпал етті. Шығыстық қисса-дастандарды жырлаудың назиралық дәстүрін (мазмұнын сақтап қайталап жырлау) XX ғасырға дейін алып келді. Қазақ ақындары халқымыздың ұлттық дүниетанымына тән тың шығармаларды өмірге әкеліп қазақша нұсқадағы әдеби мұралар қатарын молайтты және осының нәтижесінде қазақ әдебиетінде роман, поэма жанры қалыптасты.

1.3 XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СТИЛДЕРІ

Қазіргі қазақ тілі нормаларының жетіліп, дамуына, стилдерінің сараланып орнығуына ортатүркі жазу дәстүрін сақтаған ескі қазақ жазба тілінің де қосқан үлесі зор. Функционалдық стилдердің кейбір түрі ескі қазақ жазба тілінде ауыз әдебиетімен қатар дамып жазба тілдің қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуіне ерекше ықпал етті. XVIII-XIX ғасырларда жазба тілдің өзіндік ерекшеліктері қалыптасып, ескі қазақ жазба тілі мен ауызекі сөйлеу тілі арасындағы айтарлықтай айырмашылықтар XVI-XVII ғасырларға қарағанда біршама жойыла бастады. Сонымен қатар бұл кезең жазба тілдегі функционалдық стиль түрлерінің тармақтала бастауымен де ерекшеленеді.

Жалпы қазақ тіл білімінде функционалдық стилдердің түрлері мен оның тармақтарының даму тарихы, әр кезеңдердегі тілдік ерекшеліктері ғалымдар тарапынан біршама зерттеліп, ғылыми тұжырымдар жасалды [14; 15; 16; 17; 18].

Қазіргі қазақ тіл білімінде функционалдық стилдерді, негізінен, былайша жіктеп көрсетеді: 1) ауызекі сөйлеу стилі; 2) ғылыми стиль; 3) ресми стиль; 4) публицистикалық стиль; 5) көркем әдебиет стилі. Кейбір ғалымдар бұларға эпистолярлық, профессионалды-техникалық стилдерді қосады. Бұлайша топтастыру тілдің әлеуметтік қызметімен тығыз байланысты екендігі айтпаса да түсінікті.

Әдеби тілдің осы аталған стиль түрлері ескі қазақ жазба тілінде қандай сипатта және қандай құрылымда болды? Мәселен, XVIII-XIX ғасырларда ғылыми стилден басқа, ресми, көркем әдебиет, публицистикалық стилдер ескі қазақ жазба тілінде қалыптасып дамыды. Демек қоғамдық өмір саласындағы жоғарыда көрсетілген стилдік қарым-қатынастардың талап, мақсаттарына сәйкес ескі қазақ жазба тілі де арнайы тілдік тәсілдерге бейімделіп қызмет

етті. Сондықтан XVIII-XIX ғасырлардағы функционалдық стилдердің де бір-бірінен өзгешеленетін тілдік құралдары, тәсілдері, осы тәсілдерді қолданудың белгілі бір жүйесі болды. Демек ескі қазақ жазба тілінің аталмыш кезеңде қызмет еткен функционалдық жүйесі сол уақыттағы қоғамдық сананың формаларына сәйкес, қажеттіліктен туындады. Яғни, қоғамдағы тұрмыстық, эстетикалық, саяси, ғылыми т.б. сұраныстық қамтамасыз етумен байланысты қалыптасты. Сонау XVIII ғасырдың өзінде ескі қазақ жазба тілді қолданған қоғамдағы «сауаттылар қауымы» қарым-қатынастың міндеттері мен мақсатына сай белгілі стилге тән сөздер мен тілдік бірліктерді сұрыптай алған деуге болады. Мәселен ресми стилге тән стандартты құрылымдар хан би жарлықтары мен қатынас қағаздарында сақталса, көркем әдебиет стиліне тән тілдік құрылымдар қиссаларда, публицистикалық стилге тән ерекшеліктер алғашқы қазақ газеттерінде жүйелі түрде сақталған деуге болады.

Сонымен, XVIII-XIX ғасырларда ескі қазақ жазба тілінің мынадай стилдік түрлері қызмет етті:

1. Ресми стиль. Бұл кезеңдегі ресми стилге хан, би, старшындардың қатынас қағаздарын, бұйрық-жарлықтар, ережелер мен қаулы-қарарларды жатқызамыз. Бұл стилдің ең алғашқы үлгілері XVIII ғасырда жазылды. Оның өзіндік ерекшеліктерін ең бірінші, офрографиясынан, екінші синтаксистік құрылымынан, үшінші лексикалық құрамынан айқын аңғаруға болады.

Ресми іс-қағаздар қоғам өмірінде үлкен қызмет атқарады, себебі оның саяси, құқықтық, экономикалық маңызы өте зор. Сонау XVIII-XIX ғасырларда қалыптасқан ресми іс қағаздар стилі халықтың қоғамдық-әлеуметтік өмірімен, рухани-мәдени өркендеуімен байланысты дамып, қазіргі деңгейге жетіп отыр. Ресми іс-қағаздар тілінің тарихына тоқталар болсақ түп негізі хан, би, старшиналардың қатынас қағаздары мен ресми құжаттар үлгілеріне барып тіреледі. Сонымен қатар «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты»

газеттерінде «Бұйрықдар жазылатын бөлегі» деген атпен арнайы айдар ашылып, онда жоғарғы билеуші органдар мен генерал-губернаторлар тарапынан шығарылған бұйрық-жарлықтар жарияланып отырды.

Жалпы XVIII-XIX ғасырлардағы ресми іс-қағаздарының қоғамдағы негізгі қызметі мынадай болды:



Міне осындай қызметтің негізінде сол кезеңдегі ресми іс-қағаздар әлеуметтік, қоғамдық, саяси, құқықтық, ресмилік сипатта болды.

2. Соңымен қатар бұл кезеңдерде **эпистолярлық стилдің** де қызмет еткенін жеке тұлғалардың бір-біріне жазысқан хаттарынан аңғаруға болады. Ол хаттардың кейбірі жеке отбасылық мазмұнда болса, кейбірі ресми мәселелерге арналған. Мәселен Ильминский жалғыз Ыбырай Алтынсаринмен ғана емес, сол кездегі оқыған қазақ азаматтарының көпшілігімен хат арқылы байланыс жасағаны белгілі. Осы еңбектің соңында берілген Ильминскийдің Самреке деген Ақмешіттегі (Қызылорда) мұғалімге жазған қазақша хатында қазақ балаларына орысша үйретудің әдіс-тәсілдері, сондай ақ қазақ тілінің тазалығы туралы ойлары жазылса, Шоқан мен Шыңғыстың хаттарында жеке отбасылық жағдай сұрасып, амандықтарын білдіреді, ал Саматовтың Ильминскиге жазған хатында жеке бас шаруасының өтінішін білдірсе, Махамбеттің кіші жүз


батырларына Хиуадан жазған сәлем хатында ел жағдайы туралы айтылады, ал Ш.Көшербаевтың Ильминскийге, Ы.Алтынсариннің Б.Кейкинге жазғандары ресми мазмұндағы хаттар.

Бұл нұсқаларда кездесетін *Хиуа барған сафарымыздың сағ саламат қайтұб; ұлұғ мархамадда болұр ердук; ұлұғ мансаблы уа биук дәрежелу; дұғай сәлемлерумні ирсал иолладукум;, олар бірлән сөзлешуб қараған едум; қазақ кібік; хайрлұ уа шафағатлұ назарұңыздан махрұм етемегей; бұ демгече; шад олдұқ; алхамдилла ахырының хайырын берсун; көбтен хабар алмағанға хафа болыб тұрыб едім; сығыр бірлә түйе; мұның бағдүнде; хайыр дұғаларыңыздан үмідде қалучы ихласлы қызметкеріңіз...,* сияқты т.б. сөздер ескі жазба тілге тән формалар болып табылады.

3. Публицистикалық стиль. Бұл стилдің қалыптасуы 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап ескі қазақ жазба тілінде басылып шыққан «Түркістан уалаяты» мен 1888 жылдан бастап жарық көрген «Дала уалаяты» газеттерінің халыққа таралуымен байланысты. «Түркістан уалаяты» газеті 13 жыл бойы қазақ және өзбек тілдерінде айына 4 рет шығып тұрды. Бұл газет тоқтатылған соң «Дала уалаяты» қазақ және орыс тілдерінде қатар шығып отырды. Бұл екі газет те қазақ халқының мәдениетінің, тілінің, әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Халықтың ұлттық мәдени сипатын мәңгілікке жалғастыратын рухани қазынасының бірі – халық шығармалары (фольклорлық) десек, солардың жойылып кетпей, қалың қауымға кеңінен жариялануына ықпал еткен де осы алғашқы қазақ газеттері болған еді. Бұған дәлел ретінде газеттерден үзбей жарияланып тұрған ауыз әдебиеті үлгілері – ертегі, аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тұрмыс-салт жырлары, лиро-эпостық жырлар, айтыс, шешендік сөздер сияқты әдеби нұсқаларды айтуға болады. Ал бұдан кейінгі қазақ тілінде шыққан мерзімді баспасөздердің екінші тобына 1907 жылы «Қазақ», «Серке», 1911 жылы «Дала», «Қазақстан», «Айқап», 1913 жылы

«Ешім даласы», «Қазақ», 1916 жылы «Алаш», 1917 жылы «Бірлік туы», «Үш жүз», «Тіршілік», «Сарыарқа», «Ұран» газеттері жатады. Ғалым Ү.Сұбханбердинаның көрсетуінше «Бұл газеттердің шығуына үкімет тарапынан көмек болған жоқ» [19, 6 б.]. Жалпы публицистика қоғамдық-саяси өмірде, үгіт-насихат жұмыстарында шешуші рөл атқаратын функциональдық стилдердің бірі. Бұл стилде терминдер мен кірме сөздер, эмоциялық, экспрессивтік бояуы бар сөздер мен сөзжасамдық формалар жиі қолданылатыны мәлім және бұл стилдің басқа стилдерден ерекшеленетін жағы – белгілі бір қатаң норманы ұстанбайды, стандартты үлгілерді аса көп сақтай бермейді.

Газеттер тілінің басты ерекшелігі онда халықаралық және орыс тіліндегі терминдерге қазақша (түркіше) балама табу тенденциясы өте қарқынды болды және ортағасыр түркі жазба дәстүрінің кейбір белгілерін қатаң сақтай отырып, бүкіл түркі халықтарына түсінікті тілде жазылды. Бұл кезең публицистикасы да қоғамда орын алып жатқан елеулі оқиғалар мен жағдайларды халыққа тарата отырып, елдің сауаттануына, мәдени өркендеуіне ықпал етуге тырысты. Жалпы публицистикалық стиль қазақ қоғамында XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Бұл кезең публицистикасы қоғамда мынадай қызмет атқарды:



Міне осындай қызметтің негізінде сол кезеңдегі публицистика қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси,

мәдени салаларының дамуына өз ықпалын тигізді.

4. Көркем әдебиет стилі. Көркем әдебиет стилінде белгілі бір ұлт тілінің барлық белгілері мен сөз байлығы тұтастай көрініс табады. Бұл стилдің тілдік ерекшелігінің бірі – жалпыхалықтық сөйлеу тілі элементтері мен узустық тілдік бірліктер, көнерген сөздер мен диалектизмдер, әдеби тілге тән лексика-грамматикалық тұлғалар жарыса қолданылатыны мәлім. Яғни көркем әдебиет стиліне тән негізгі ерекшеліктің бірі – тіл байлығы болса, тағы бір ерекшелігі – онда ауызекі сөйлеу тілімен қатар, басқа функционалдық стилдердің (публицистикалық, ғылыми, ресми) элементтері де кездесіп отырады. А.Байтұрсынұлы көркем әдебиетті «бір нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері» деп бағалаған, яғни ақиқатты көркем сөзбен бейнелеу.

Аталмыш кезеңдегі көркем әдебиет нұсқаларының басым бөлігінде дәстүрлі жазу нормалары қатаң сақталып, ескі тіл бірліктері молынан қолданыс тауып отырады. Бұл дәуірдегі көркем әдебиет үлгілерінің үлкен бір бөлігін қиссалар құрайды. Ескі тілдегі қиссалар екі түрлі мазмұнда, діни және шығыс үлгілеріне (махаббат, адамгершілік, азаматтық т.б.) негізделіп жазылды.

Діни қиссалар пайғамбар, әулие, сахабалар өмірі мен олардың діни амалдарын баяндайды. Мұндай мазмұндағы қиссалар тілінің басты ерекшелігі, қисса ең бірінші Адам ата мен Хауа ана туралы жырлаудан басталады. Сонымен қатар, осы діни қиссалар ішінен Алла Тағаланың жер мен көкті, бүкіл әлемді қалай жаратқандығын баяндайтын, кәпірлерді Ислам дініне енгізу оқиғаларын жырлайтын, фәни дүние мен бақи дүниені, жұмақ пен тозақтағы өмірді бейнелейтін қиссалар да молынан ұшырасады. Көркем әдебиеттің бұл нұсқалары XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазан, Уфа қалаларынан басылып, жарыққа шығып отырды. Кезінде қазақтың белгілі жазушысы әрі қаһарман тұлғасы Б.Момышұлы қиссаларға қатысты мынадай ой айтқан болатын: «Қиссалардың маржандай тізілген таза

тілі, оралымды ойы, қиял жетпес теңеулері, ертіп отыратын екпіні, ұйытып тастайтын ұйқасы тыңдаушынық жан сарайын жарқыратып жіберетіндей сезілетін. Мен осынау халық қазыналарын алғаш рет ақындардан, көкем сияқты көзі ашық білімділерден сіңіргем. Солардан дәм татып, солардан сусындағам».

Жалпы қиссалардың ең басты тілдік ерекшелігі оларда ескі қазақ жазба тіліне тән бірліктер мен грамматикалық формалар және араб, парсы сөздері жиі кездеседі. Мәселен, **ш** орнына **ч** (*үчүн, ачық*, т.б), **і, ы** қысаңдарының орнына **ұ, ү** (*беруб, айтуб*, т.б.) **ж** орнына **и** (*иане, иерде*, т.б.), **с** орнына **ш** (*кіші, шондай*, т.б.) жазылады, араб, парсы сөздері түпнұсқа варианттарымен беріліп отырады *(хасрет (қасірет), хұда (құдай)*, т.б.). Сондай ақ *ачығы (ашуы), ағызы (аузы), ерді (еді), ойғанды (оянды), иұқлады (ұйықтады), туғды (туды), иоқлады (жоқтады) ізледі (іздеді), сақлады (сақтады), йығлады (жылады), иалғанчы (екіжүзді, өтірікші), тірік (тірі), бойұн (мойын)*, т.б. секілді ескі тілдік бірліктер молынан ұшырасады.

Аталмыш дәуірдегі көркем әдебиет үлгілерінің келесі бір тобы – қазақ ақын-жазушыларының, жекелеген адамдардың «Қисса» деген атпен баспа бетін көрген шығармалары мен авторсыз жеке кітап болып шыққан дүниелер. Бұл көркем әдебиет үлгілерінде де ескі тілдік бірліктер мен грамматикалық формалар сақталған. Бұлардың қатарына Бақырған (Қазан, 1860), М.Иумачиқов «Қисса и Тәмимдар» (Қазан, 1866), Л.Ғалиуллаұғлы «Қисса и Тахир» (Қазан, 1877), Үшбу қисса қазақдың ахуалларын баян етүр (Қазан, 1879), Қарға нама имам Жағфар Садық (Қазан, 1880), Ахмедбек һәм Юсуфбек «Бозұғлан» (Қазан, 1889), Х.Мирбабауғлы «Хикаят Көрұғлы Сұлтан» (Қазан, 1890), Дастан Хатымтай (Қазан, 1892), Ж.Шайхулисламұлы «Хикаят рисәлә Мұңлық Зарлық» (Қазан, 1895), Ж.Шайхулисламұлы «Хикаят Иран дастанда» (Қазан, 1897). Қиссалар мазмұндық жағынан өте бай, мысалы, дінді насихаттайтын («Зарқұм», «Жұм-

жұма», «Сал-сал», «Кербаланың шөлінде», «Тамимдер», «Адам», «Хазірет Расулның Меғражға қонақ болғаны», «Бозжігіт» т.б.), махаббатты дәріптейтін («Таһир», «Үш қыз», «Жүсіп-Зылиха», «Қисса-и Рүстем», т.б.), ерлікті жырлайтын («Қисса и Қожа Ғафан уа һәм Сәдуақас», «Қисса-и Серғазы») т.б. қиссалар. Сонымен қатар ескі қазақ жазба тілімен фольклорлық жырлар да жарыққа шықты («Ер Тарғын», «Қисса-и Алпамыс», «Қисса-и Қыз Жібек», «Қисса-и Айман-Шолпан», т.б.).

Қиссалар тіліне қатысты ғалым С.Аманжолов мынадай пікір білдірген еді: «Опубликованные в Казани, Уфе и Ташкенте религиозные киссы (поэмы), назидания мулл и т.п., хотя на титульных листах их стоят слова қазақша (по-казахски), фактических были написаны в основном на испорченном и смешанном, иначе т.н. книжнем языке, где преобладали чагатайские и татарские элементы» [20, 221 б.]. Алайда, Ғ.Мұсабаев керісінше: «Кітаби тілдің әсерімен жазылған қиссаларды жақсылап оқитындарды халық қадірлейтін. Шығыс әдебиетінен «Боз жігіт», «Сейфүл Мәлік - Бәдіғұл Жамалды», «Жүсіп - Зылиханы» оқушыларды ұйып-ақ тыңдайтын да түсінетін. Кітаби тіл ешқашан құбыжық болған емес» деп көрсетеді [21, 166 б.]. Шынымен, бұған дәлел ретінде Ы.Алтынсариннің 1884 жылы жарық көрген «Шариғат ул-ислам» кітабын айтуға болады. Еңбекті арнайы қарастырған С.Хасанова: «...бұл кітаптың авторы Ы.Алтынсарин деп айта қою қиын. Өйткені Ыбырай бұрын жазған «Хрестоматиясында» ұстаған принциптерінің көбін мұнда ұстай алмаған. Бұл еңбек шағатаизмнің элементтерінен құр емес. Шұбарлау. Орфография мен пунктуация жағы да көңілдегідей емес. Әсіресе сөйлемдері шұбалыңқы, ондағы сөздердің қиюы жымдасып келе бермейді», - деп көрсеткен болатын [22, 10 б.]. Таза ұлттық жазба тілдің қалыптасуына ерекше күш жұмсап, ат салысқан адамның бұлайша жазуы неліктен? Бұның негізгі себебі, сол кездегі қоғам үшін де ескі жазба тіл «беделінің» төмендемегені еді. Осының

айғағы ретінде XX ғасырдың басына дейін, яғни 1900-1910 жылдар аралығында Н.Наушабаев (Манзумат Қазақия, 1903), С.Мұхамедсадықұғлы (Терме қазақнікі, 1903), М.Сералин (Гүлкәшимә, 1903), К.Әбубәкір (Әдебиет қазақия, 1905), Орынтай бин Құрымбай Қыпшақи (Насихат ус сабиян, 1906), Қырымбайұлы (Насихат Қазақия), М.Көпейұлы (Сарыарқаның кімдікі екендігі), М.Қалтайұлы (Қазақтың айнасы) сынды авторлардың шығармалары да халыққа қазақтың ескі тілінде тарай берді.

Яғни көркем әдебиет стилінің дамуына қазақтың ақындық қабілеті бар азаматтарының шығыс әдебиеті желісімен өздігінше қайтадан жырлап жариялаған қисса, дастандары үлкен үлес қосты. Бұл орайда қиссашыл ақындар Жүсіпбек Шайхысламұлы, Ақылбек Сабалұлы, Мәулекей Жұмашиқұлы, Шәді Жәңгірұлы, секілді т.б. тұлғалардың сіңірген еңбектері зор.

Сонымен, сол кезеңдегі көркем әдебиеттің қоғам үшін мынадай функциялары алдыңғы орынға шықты:



Міне осындай қызметтің негізінде сол кезеңдегі көркем әдебиет стилінің проза және поэзиялық жырлау жанрлары қарқынды дами бастады.

5. Ғылыми стиль. Ғылым тілі «адам, қоғам, табиғат

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ № 0475554

жөнінде ақиқат ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін» (Ө.Айтбаев), «ғылыми прозаның тірегі – логикалық объективті байлам, бірізділік және дәлділік» (М.Балақаев). Яғни сөз дәлдігі ғылыми стилдің басты белгісі.

Аталмыш кезеңдегі ғылыми стилдің алғашқы үлгілері 1861 жылы Н.И.Ильминский Қазанда бастырған «Самоучитель русской грамоты для киргизов» атты оқулық кітабында кездеседі. Бұл еңбекте табиғат, жаратылыстану, жануарлар дүниесі туралы, т.б. түсіндірме мәліметтер берілген. Ал 1898 жылы Орынборда кириллицамен жарыққа шыққан «Қазақ календарында» жер деген не, жердің үлкендігі, жерді көтеріп тұрған не нәрсе, жердің күнді айлануы, ай туралы, күннің тұтылуы, планеталар туралы, аспан мен жұлдыздар, ағатын жұлдыздар, зиянды, зиянсыз жәндіктер, құстар және медициналық мәліметтер туралы ғылыми болжамдар мен түсініктемелер берілген. Бұл аталған еңбектердің ең басты тілдік ерекшелігі жалпыхалықтық сөйлеу тіліне жақын жазылғандығы. Десек те, ескі қазақ жазба тіліне тән грамматикалық формалар мен тілдік бірліктерді де арагідік кездестіруге болады.

1895 жылы Қазанда жарық көрген «Тағбир нама» атты кітапшаны да ғылыми-көпшілік әдебиеті үлгілерінің қатарына жатқызуға болады. Мұнда түс жору, түсте көрген нәрселердің шынайы өмірде қалай орындалуы туралы пайымдаулар он екі бабқа бөлініп жазылған. Бұл кітапшаның тілінде ескі қазақ жазба тілі нормаларының сақталуы басым.

Аталмыш кезеңдегі ғылыми стиль үлгілерін «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттерінен де молынан ұшыратамыз. Бұларда дәрігерлік, ветеринарлық кеңестерді, жаратылыстану құбылыстарын, электр және телебайланыстар қызметтерін түсіндіруге арналған мақалалар жарияланып тұрды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастаған ғылыми стиль қоғамда мынадай қызмет атқарды:



Сонымен, бұл стиль халықтың ғылыми сауатын көтеруге ерекше ықпал етіп, көпшілікке сыры белгісіз құбылыстар туралы ғылыми болжамдар мен түсініктемелерді таратуға атсалысты.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы сол уақыттағы жазба тілдің қоғамдағы қызметінің артып, жұмсалу аясының кеңейгендігін көрсетеді. Яғни функционалдық стилдің әр түрлі жанрлық түрлерінің тууына байланысты, аталмыш кезеңдегі қоғам ескі қазақ жазба тілін белгілі бір саладағы тілдік қарым-қатынастың мақсатына сәйкес пайдаланған. Бұдан сол кезеңдегі жазба тіл стилдерінің қоғамдық қызметтің белгілі бір саласында жұмсалып, тарихи даму сатысын бастан кешіргенін көреміз. Демек, ескі қазақ жазба тілі өз заманындағы қоғамдық өмірдің бірнеше саласында, атап айтқанда, көркем әдебиет пен мерзімді баспасөзде, ресми іс қағаздарында қолданылып, адамдардың әлеуметтік қарым-қатынас қажетін өтеген.

Қорыта айтқанда, XVIII-XIX ғасырлардағы ресми және көркем әдебиет стилдері ескі қазақ жазба тілінің дәстүрлі нормасын қатаң сақтай отырып халыққа тараса, публицистикалық стилде ескі жазу нормаларына қарағанда, ауызекі сөйлеу тілінің бірліктеріне басымдық берілген, ал ғылыми стиль үлгілерінің басым бөлігі жалпыхалықтық

сипатта болды.

Міне, осылайша қолданыс мерзімі 5 ғасырға (XV-XX ғ.ғ.) жуық уақытты қамтыған жазба тілдің қазақ қоғамындағы мәні мен рөлі қашан да болса дау тудырмасы анық. Және ескі қазақ жазба тілі өз кезеңінің уақыт талабына сай өзгерістер мен толықтыруларға ұшырап отырған. Яғни түсініксіз деп танылатын көне бірліктер ауызекі сөйлеу тілі элементтерімен ауыстырылып бірте-бірте жалпыхалықтық сипат ала бастады

2.2 XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ РЕСМИ СТИЛДІҢ ІШКІ ТАРМАҚТАРЫ

Осы еңбектің соңында ұсынылып отырған ресми іс қағаз үлгілерінің нұсқалары дәл қазіргідей нормаға түсе қоймаса да, XVIII ғасырдан бастап ақ ресми стилдің қалыптаса бастағандығының куәсі бола алады. Аталмыш кезеңде ресми стилдің қарапайым түрлерінен бастап (өтініш, арыз, т. б.) күрделі үлгілеріне (жарғы, жарлық, ереже, т. б.) дейін қолданыста болғандығын көреміз. Қарым-қатынастың жеке-жеке салаларының қажетілігінен пайда болған стилдердің ішкі тармақтары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды әр кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық өзгерістермен байланысты қарастыру керек. Себебі тілдің коммуникативті қызметі қоғамға тәуелді.

Жалпығылымда функционалдық стилдердің тілдік жүйесі бірдей еместігі әлдеқашан дәлелденген. Демек әр стилдік жүйе өз ішінде бірнеше жанрларға тармақталып кетеді. Алайда, стилдерді іштей шағын стилдерге (подстиль) немесе жанрларға бөлуге келгенде ғалымдар тарапынан жасалған топтастыруларда бірізділік жоқ. Бірақ та «функционалдық стилдің әрқайсысы ішкі микростилге (подстилге, жанрлық түрлерге) бөлінеді, олардың әрбірінің өз тілдік-стилдік ерекшеліктері болады, бірақ әрбір подстилде жалпы стилдік (макростилдік) сипаттар, ерекшеліктер жоғалып кетпейді»

деген ғалымдар пікірі қашан да маңызды [23, 72]. Қазақ тіл біліміндегі функционалдық стилдерді стилдік белгілерге топтастыруда, ішкі тармақтардың өзіндік ерекшеліктерін жүйелеуде қазақ ғалымдары, көбінесе орыс ғалымдарының теориялық тұжырымдарын басшылыққа алады [24; 25; 26; 27, 28].

Орыс ғалымдары ресми стилді іштей әкімшілік-кеңсе құжаттары [29], әскери құжаттар [30], коммерциялық хат-хабарлар [31] дипломатиялық және заңнамалық құжаттар [28] сияқты тармақтарға бөледі. Демек бұл ішкі тармақтардың өзі қоғамдағы белгілі бір коммуникативтік мақсатқа сай пайдаланылады. Ал ресми стилдің негізгі белгілеріне «міндеттеушілік-әкімшілік сипатын», «екіұштылықтың болмауын», «стандарттылығын» және «клише, штамп құрылымдық жүйесінің сақталуын» жатқызады.

Клише – қарым-қатынас жасау барысында сөйлеу ситуациясында оңай айтылатын дайын сөйлем орамы, сөздер тіркесі, стереотип [32, 180]. Яғни ресми стилдің тілдік құрылымында клишелер басты нысан болып табылады. Сондықтан бұл стилдің «сыртқы формасының өзі белгілі бір ақпаратты бере алады» [30, 17]. Ал штамп – тілдің өңделіп ажарланған, тұрақты қалыптасқан құралы (дайын элементі). Кез келген сөз, сөз тіркесі, сөйлем жиі қолданудың нәтижесінде штамп бола алады [32, 428].

XVIII-XIX ғасырлардағы ресми іс-қағаз үлгілерінде де клишелер мен штамптар, стандартты құрылымдар қолданыста болған. Мәселен, ресми іс қағаздардың бір тармағы болып табылатын патша, император аттарына жолдаған хаттардың барлығында *құдіретлу уа шәукетлу; биук император ағзам; мархаматлу бадшаһым; бадшаһ ағзам; ұлұғ падшаһ император ағзам; ұлұғ бадшаһым; ұлұғ бек мархаматлу император падишаһ; хұрметлу падишаһ; ғадұл падишаһ; ғиззатлу хұрметлу уа меруетлу уа дәулетлу уа шәукетлу уа барчаға рахымлы ұлұғ падишаһ* секілді сөздер тұрақты түрде қолданылса, өтініш мәнді жазбаларда *ғарыз*

қыламыз; маглум қыламыз; фарманларұңыз бұйұрұлса ерді; берұлсе ерді, алтұн мөһрлі фарманнамаларұңызнұ тілейміз; ғарызымызға мархаматлы хүкүмұңізні қылғайсызлар секілді тіркестер пайдаланылып отырған.

Хат мазмұны шағым ба, мәлімдеме ме, хабарлама ма оны да мәтіннің бас жағында көрсетіп кетіп отырады: *Сырым батыр Дад ұғлындан табиғна ғарызнама; көрген жафаларұмыз үчүн ғарызнама; Бөкенбай ұғлұндан иғламнама; кічі йуз ақсақаллары бірлә тамам халқының ғарызнамасы; кічі йузінің Қаратай хандан ғарызнама; йанаралға арыз.*

Ал эпистолярлық стилдегі жеке тұлғалардың бір-біріне жазысқан хаттарында «сәлем хат» екендігін білдіру мақсатында *баршаларыңызға бірдейін сәлемлеріміздең; дұғай сәлемлерімізді ирсал иолладық; Қадырдан ағамыз Байекеге сәлем; дұғай сәлемлерұмні ирсал иолладүкім* деген тәрізді тіркестермен хатты бастап отырған.

Ресми стилдің құқықтық құжаттар тармағында эмоционалды-экспрессивті сөздер мен этикеттер, бейнелі сөз тіркестеріне шектеу қойылып, нормалылыққа бағындырылатыны мәлім. Бұндай жанрлық-тілдік белгілер заңдылығы Абайдың қатысумен жасалған Қарамола сиезіндегі Ережелер жинағында сақталған деуге болады. Мәселен, *черезуйчайнай сиезнің билігі; дауласқучылар бітұмі; дауласқучыларның күәлары; жауабкерлернің шақырылуы; жауабкер арызы; даугер бірлән жауабкер; айғақ күәлүгі; күәләрні чақыру; күмәнчінің хисабы; чығұн құны; ердің құны; барұмта құны; набақтыға отұрғұзұлады; чығұннан басқа айыб бұйұрұладұр; айыбландұрадұр; ат чапан айыб* немесе *черезуйчайнай сиезнің билеріне текшермекке берұлсүн; уақтылы күнін анұқлаб иазарға міндетлідур; книгеге тіркелсін* тәрізді сөздердің әр бабта бірізді жүйемен қолданылып отыруы сол кезеңдегі ресми стилдің өзінің іштей тармақталғанын аңғартады.

Ресми хаттарға тән нормалардың тағы бірі – құжат

мерзімінің, адресат пен адресант мәліметінің, мекен-жайдың көрсетілуі. Бұл ерекшелік аталмыш кезеңдегі ресми стиль үлгілерінде қатаң түрде болмаса да арагідік сақталып отырған. Мәселен, арыз, өтініш немесе ұсыныс жазбаларында мәтін соңында бұл қағаздың кімнен екендігі көрсетіліп, дәлел ретінде мөр басылғандығы жазбаша түрде хабарланады. Мысалы:

«Орынборның сархад ішлерін ада уә тәкмил едучі кемиссие мехкемесінен ол мехкеменің қазыларының еллері бірлә шаһналық мөһрі имза қылынҗб мақсудның 7 күнінде 1808 иылда».

«...сәна 1141 нәжим ахрабының 5 йұмына үшбу ғарыз орта йүзнің Жәнібек тархан кәнду мөһрүн уа ғайри орта йүз кічі йүзнің билері һәм батұрлары тамғаларына бастылар».

«Кічі йүз қырғыз қазақ иұртының Бай ұғлы руғының рағиатыңның баш ыстрашинасы тархан Сырым батыр Дат ұғлы мөһрімні басдұм. 1790 сана Сырым ибн Дад. Мизанның 11 иұмында».

«... падишаһ йолында өзүміз Әбілхайыр хан Нұралы хан Ерәлі хан Хожахмед сұлтан Достғали сұлтан Айчуақ сұлтан Әділ сұлтан Чыңғұз сұлтан ағамыз Ниаз сұлтан арғынлар Қарабаш сұлтан Дәрмұхамед Орус сұлтан».

«...кічі йүз қырғыз қазақ иұртының Бай ұғлы руғының рағиатыңның баш страшинасы тархан Сырым батыр Дат ұғлы мөһірімні басдұм».

«...үшбуңар инанмақ үчүн кічі йүзнің Қаратай қандуалым илә мөһрүм басдұм».

«...көб көб тәубенчілік бірлән құллық етуб өтүнүб йазғучы Нәрка сұлтан Қарабай ұғлы кәндалим бірлән мөһрүм басдым», т.б.


«...үшбу 74-баблы ережені бізлер жасадық қазақ рәсімінче таза көңлүміз һәм әділетүміз илән уаһәм раслұғына инандұрамыз. Пауладар уезінің биі Иусуф Ианыш ұғлы, би Исабердалы ұғлы, би Молдабай Сәрсен ұғлы..., Қарқаралы уезінің биі Хакім Хұдайменді ұғлы, би Абай Майқы ұғлы...,

Семейпулат уезінің хұрметлі қазақлары Ибраһим Құнанбай ұғлы, Хұдайберген Тастамбек ұғлы..., Өскемен уезінің болұс харунжи Ислам Алихан ұғлы..., қолларын қойды».

Қазіргі кезеңде ресми стилдерге қойылатын қатаң талаптардың бірі – орфографиялық мәселелердің дұрыс сақталуы. Алайда XVIII-XIX ғасырлардағы үлгілерде азатжол, бас әріп, тыныс белгілері мүлде кездеспейді деуге болады. Бұның басты себебі – сол кезеңдегі жазба тілде арнайы емле ережелерінің болмауынан.

Тағы бір тоқтала кететін жайт XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысындағы ресми іс қағаздар үлгілерінде араб, парсы, сөздері арқылы термин қалыптастыру қарқынды түрде орын алса, XIX ғасырдың II жартысындағы, әсіресе «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттерінде тұрақты түрде жарияланып тұрған бұйрық-жарлықтарда терминдерді орысша беру немесе орыс сөздерін қазақшалау үрдісі басым болды. Мысалы, кірме сөздер арқылы берілетін мына сөз тіркестерін бастапқы кезеңде тұрақты қолданыста болған терминдер жүйесі ретінде қабылдауға болады: *ағзам хәзіреглер (ұлы хазіреттер), бадшаһым хазіреглер (патша хазіреттері), дахил олынды (кірді), ғасил олынды (жетті), ирсал иолладұқ (өтініш жібердік), табығыңызда болғучы (білігіңізге бағынушы), иығлатар фарманұңыз (қатал бұйрығыңыз), кіріфтар олұнмыш адам (тұтқын), махзун олдұм (ренжідім), иіберген ферзенд (елші), намақұл харакат (қателік іс), көрген жафа (көрген қорлық), иттифақларымыз бір болұб (ауызбіршілік сақтау), кетхұдамыз болсұн (досымыз болсын, дұшпан болмасын), бихисаб уа бинаһиат бұзғынлығы (шектен шыққан жамандығы), истирахат болмас (тыныштық болмайды), қазақ рағиаты (қазақ елі), шафақатлы назарларұңыз (дұрыс пейілдеріңіз), ішлерұн ада қылғучы (істерін басқарушы, билеуші), әмір фарманы (шығарған бұйрығы), мағлұм қыламын (мәлімдеймін), тәслим қылсұн (тапсырсын), сахрауи қазақлар (қыр қазақтары), мархамадда болұр ердук (риза болатын едік)* т.б.

Сонымен, XVIII-XIX ғасырларда қолданыста болған ресми стилдің ішкі тармақтарын былайша жүйелеп көрсетуге болады:



Ресми хаттарға – 1732 жылдардан бастап патшаға, губарнаторларға жолдаған хан-би, сұлтандардың жолдаған өтініштері, арыздары, хабарламалары, мәлімдемелері мен шағымдары жатады.

Нормативті жарлықшы құжаттарға – қол қойып, мөр басу тәртібіне қатысты лауазым иелеріне арналып шығарылған нұсқаулық, губернатордың діни ұстамыға қатысты болыстарға жіберген циркуляры, Абайдың қатысуымен Қарамола сиезінде жасалған заң ережесі, Қыр облыстарын басқарушыларға арналған жарлық, алғашқы қазақ газеттерінде жарияланып тұрған бұйрықтар, 1822 жылдардан бастап шыға бастаған «Сібір қырғыздары туралы» уставтар, генерал-полковниктердің қазақ көтерілістері туралы жасаған рапорттары, 1844 жылғы Орынбор қазақтарын басқару туралы ережелер, 1847 жылғы ұлы жүз сұлтандары мен билерінің Кенесары Қасымұлына қатысты қабылдаған қаулысы, т.б. жатады.

Әкімшілік құжаттарға – комендантты Орал өзенінен мал айдап өтуге берген рұхсат қағазы, 1808 жылғы кедей қазақтың хорунжиге қыз сату кезінде жасасқан шарты, ұлы

жүз сұлтандарының бодандыққа берген анты, т.б. жатады.

Бұл көрсетілген ішкі тармақтар, аталмыш кезеңдерде ресми стилдің түрлері ретінде қолданыста болды. Осылайша қазақ қоғамындағы іс қағаздар XIX ғасырдың екінші жартысына дейін ескі қазақ жазба тілінде қызмет етті. Бұл стилдің қарапайым түрінен бастап күрделі түрлеріне дейінгі даму сатыларын бізге жетіп сақталған, мұрағаттық жазбалардан көре аламыз [33; 34; 35, 36].

II ТАРАУ. XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖАЗБА НҰСҚАЛАР


2.1 РЕСМИ-ІС ҚАҒАЗ ҮЛГІЛЕРІ

1732 жылы Әбілхайыр ханның патша атына Тавкелев арқылы жолдаған хаты

Құдретлу уа һимайатлу уа шаукетлу биук император ағзам хазретлері уа жұмла орысның мағриб уа шамал тарафларының истиқлалы күллі хакімдері уа жұмла мархаматлу бадшаһым хазретлерінің хақпай шарифлеріне ғарыз кематрин бұ дүр ки качан иылда сіз бадшаһ ағзам хазретлерүнден тараф шарифлерүңізден құтлу Мұхаммед мырза Тәуекел илә олынан мәктүбі һимайұнларыңыз дахил олынұб мазмұнлары мифһану олынды уа һәм мәзкүр тәржман Мұхаммед мырза Тәуекел сіз биук император ағзам хазретлерінің фарманыны бізлерге ағыз сөзлері илә маглұм ейледі уа біз бендеңіз Абулхайыр хан барча қазақ ғаскеріміз илә сіз ұлұғ падшаһ император ағзам хазретлерінің табиғында олмақлығы қабұл едук уа мұтиғ минқаз олдұқ. Нечүк бұндан әууел һәм бұ сана 1732 сіз биук бадшаһ ағзам хазретлеріңізге елчіміз Беке батыр илә мәктүб ғарызымыз йолланмыш еді уа имді сіз биук император ағзам хазретлері уа жұмла мархаматлу бадшаһым хақпайларына иүзімізні сүрүб русча уә илтмас идрам ки. Ол елчіміз Беке батыр илә иоллайан ғаиднама уа магдалар мужинче сіз ұлұғ император ағзам хазретлеріне ықрар ейран түлкі қарсақымызны бұл иыл тәржман Мұхаммед мырза Тәуекел илә хәзір қылұб иоллай алмадұқ. Зере қазақ халқымыз бізнің киік мінезлі еді уа аңа себеб һәм қалмақ төресі Лобжа уасуси берүб халқұмызға көб бұзғақлар салды. Өз халқұм өзіме қаршы болды. Халқұм бір төбе уа бен де иалғұз бір төбе болдұм. Бұ барчасына елчіңіз Мұхаммед мырза Тәуекел шаһид дүр. Бұ иылдан соңыра ол түлкі қарсақны ада қылармыз. Егер қала салмағына Ор башында әмір етсеңіз киіктей

қазақ барчасы иауышар ерді. Зере бенім тәніме жаным бар олғұнча сіз биүк император ағзам хазретлеріне қара сұғұнұб фарманыңызға қаршұлұғ етмеймім. Бір дамла қаным барынча сізнің әміріңізге олұрмын. Ант уа ғаһидыма тұрармын. Имді сіз биүк император ағзам хазретлеріне уа бенім мархаматлұ бадшаһым хазретлерінің хақпайларына көз йашым илә ғарызым бұ дүрки. Бенім сөзіме түшкен карачыларым сіз ұлұғ бадшаһ ағзам хазретлеріне баш салұб табиғ олдұлар уа һәр рудан иахшы кішілерні Мұхаммед мырза Тәуекел илә елчілер иберділар. Уа бенім сөзіме кірмеген тентеклерні тия алмаймын. Имді шол себебден бұ бендеңізні мәрхаматыңыздан ташламағайсыз уа бұ ішлерге уа бенім сіз ұлуғ бадшаһ ағзам хазретлеріне дұғырұлығымны уа чынлығымны елчіңіз Құтлұ Мұхаммед мырза Тәуекел білүр. Уа барчасына ол шаһдүр имді өзімнің барча ішлерімні әуел бір алла екінчі сіз ұлуғ бадшаһым хазретінден бенге көмек болмаса һеч кімсіден дәмем йоқтыр.





1742 жылы Әбілхайыр ханның Елизавета атына жолдаған хаты

Һуалла субхан

Ол ұлұғ бек мархаматлу император падишаһ ағзам хазретлеріне мағлұм қыламыз иұртымызның хуфиалік бірлә кеңешлері інілерімізнің бізге тақа иуз берүб иурүгенлері үчүн ол рахымлы падишаһның ішлері бітмейдүр сөз олкім менден бұрұн інілерімізнің қылығын айтқаным иоқ ерді. Ғақылы келсе ғибрат алұрлар күн ілгері падишаһ хызметіне иаралар деб һәр не бұзұқлық қылсалар да айтмай ердім. Имді рахымлы падишаһға ихласымыз үчүн антымыз бір хұдай бір сөзібіз. Хұрметлу падишаһға иашұрұн сөзлеріні уа һәм ашкараһ ішлеріні мағлұм қыламын. Әууелі мырза келіб табышқанда айтқан сөзлеріні ашаһ кечтім. Татишов ианарал бірлә мырзаға иуз көрішкенден берлі қылған ішлерүні айтқан сөзлерүні падишаһ білсүн. Әбулмәмбет сұлтан барақ сұлтан бенке айтқан сөзі бізлер Әбулхайыр хандай ұғлұмызны орұстқа берүб баш салыб орұс бола алмаймыз деб башқұрт бірлә ачлы-тұшлы болұб Тобұл ианындағы затыға бүлдірділер.

Екінчі иана інім ұлұм теб башқұртқа төре берүб андағұсында бүлдүрді. Мында ічіне ендүрүб мындағұсында бүлдүрділер.

Үчүнчі Ташкентке барған саудагерлер малын Түркістанда-

ғы ағасы Жәңгір сұлтанны қошыб қарачы Мырзағұлны Нияз батұрны қошыб Әбулмәмбет сұлтан ере барұб талатқан өзү.

Төртүнчі Барақ сұлтан Әбулмәмбет сұлтанның қолында түрұр Қарасақал толай ішлеріні кері қағыб бұзұқ иолына башлай иүредүр.

Әбулмәмбет сұлтан, Барақ сұлтан, Қарасақал, Батұр сұлтан төртеуінің кеңеші бір қалмақға ұғұлларымызны уа һәм аламан берсек берейік деб иұртны кері қағыб падишаһға тықыр берүб тұрғаны шолар қачанда болса. Шолар ұйатқа қойар деб ахсан ихлас үчүн айтмай тұралар.

Болмай ухкер қара қалайық болғанда падишаһның биұрған йарлұқларұн сағат батар екен. Біз Батұр сұлтан әрі інім әрі күйеуум ерді. Алар бірлә кеңеші бір болды. Бұрұн мұрза келгенде иолда талаған керуен малларұны рахымлы падишаһ ашаһ кечіб ерді. Имді иаңадан бұзұқ иолға түшді.

Әбулмәмбет сұлтан, Барақ сұлтан, Батұр сұлтан иұртны ала қылыб қалмақға Ақайу бірлә аламан берейік дегенге бізлер айтамыз бізнің табқан падишаһдан не зиян көрдүңлер. Ата болды бізлерге ана болды қызыл бірлә иашыл қара түлкү қорғажын кидүңлер. Һәр не тілеуімізні берді қыш қышлау болды Чуға иазлау болды. Жау алғанда пана болды ұғры қылыб түшкен қазақларны қолұңызға берді. Не зиан күрдүңізлер мындай ғадұл падишаһ бұ заманда табұлар мұ мәкр сізлер падишаһның не дегенін бермесеңіз иолға түшмесеңіз біз сізлернің табқан қалмақ бірлә падишаһ есенінде жаумыз дедім.

Имді қачанда болса керек иүз көрүшке барсұңлар керек мында болсұнлар шол сұлтанлардан сұра Қарасақалын да есерлерін де саудагерлернү де жауаб бермеселер. Мақла жылдам ішлер бітір бізнің бірлә тең болғанын шонда көрүрміз. Бір алла бітірсе біз бітірүрміз инша алла мұқам падишаһ иолында өзүміз Әбулхайыр хан, Нұралы хан, Ералы хан, Хожахмед сұлтан, Достғали сұлтан, Айчуақ сұлтан, Әділ сұлтан, Чыңғұз сұлтан, ағамыз Ниаз сұлтан, арғыланлар Қарабаш сұлтан, Дәрмұхамед Орұс сұлтан.

Зайуратым қалғанча бір хұдайға сиұныб падишаһның хызметіні қылыб оғұн атыб, қылычын чабармын. Падишаһға қарушылық қылған кішілернің соңыдамын. Һәр іш аллаға мағлұмдұр.

Екінчі падишаһға сөз олкім мағлұм қыламыз ианарал лейтанант бірлә Әбулмамбет сұлтан илән сұлтан иуз көрішкенде бізнің Нұралы сұлтан бірлә Ералы сұлтан һәм барған. Маслихат ічінде болған ердұк. Әбулмамбет сұлтан бірлә Абылай сұлтан бізлерден зиадарақ сыйлады. Бізнің әкемізден падишаһқа хызметі бұларның артық бола ма. Әкемізден соңра бізлерге үшбундай бола екен деб хатарлары қалыб келгенлер. Біз ол ханға үгұтлеб ердұм мұндай ішлерні білгенім иоқ ерді. Һүнүз ішні кім башлаб ахырына шол чұғар деб.

Абулхайыр сұлтан

هوالله سبحان

اول اولوغ بیک مرحمتلو ایچپراطور پادیشاه اعظم حضرتلاریندن معلوم قیلامز
یورتمزنینک خوافیالیک برله کینکاشلاری اینلارمزنینک بزکا نعایبز بیروب
زروکانلاری اوچون اول راحملی پادیشاهمزنینک اشلاری بتمیدور سوز اولکم
مندان بورون اینلارومزنیک قلیعین اینکانم یوق ایردی عقلی کبلسه عبرات
آلورلار کون ایلکاری پادیشاه حزمتینه بارلار دیب هر نه بوزوقلیق قیلسهلاردہ
اینمای ایردیم ایدی راحملی پادیشاهغه اخلاصمز اوچون آنطمز بر مدای بر
سوزبز خورمتلو پادیشاهغه باشورون سوزلارنی و هم اشکاراه اشلارنی معلوم
قیلامن اولی میرضی کیلب تبشفاندا اینکان سوزلارنی آشاه کچتم طاتی شاق
بنارال برله میرضاغه بوز کورشکاندان بیرلی قیلعان اشلارنی اینکان سوزلارنی
پادیشاه بلسون آبوالمیت سلطان باراق سلطان بنکا اینکان سوزی بزلار آبوالخیر
خاندای اوغلومزنی اوروسغه بیروب باش صالب اوروس بولا آلمایمز دیب
باشقورت برله اچلی — تشلی بولیب توبول باشداغی طائیفه بولدوردیلار
ایکنچی بنه اینم اولوم طیب * باشقورتغه توراه بیروب آنداغوسندا بولدوردی
مندا اچناه ایندوروب مندااو سنده بولدوردیلار

اوچونچی تشکنتکا بارعان سوداکرلار مالین تورکوستانداعی آعاسی جانک‌ثیر سلطاننی قوشیب قراجی میرزاغولنی نیاز باتورنی قوشیب آبولمت سلطان ایره باروب تلاقان اوزو

تورتنچی باراق سلطان آبوالمت سلطان‌زینک قولندا تورور قراسقال تولای اشلارنی کیری قاعیب بوزوق بولنه باشلاب بوریدور

آبوالمت سلطان باراق سلطان قراسقال باتور سلطان تورتاچینک کینکاشی بر قالمقفه أوغول‌لارمزنی و هم آلمان بیریا ل بیرایک دیب بورتنی کیری قاعیب پادی‌شاه آغه تغیر بیروب تورغانی شولار قاچندا بولسه شولار اوبانقه قوبار دیب اَحصانْ اِخلاصْه اوچون ایتمی تورالار

بولمای اوحکر* قرا قلایق بولغانده پادی‌شاه‌نینک بیورعان برلیغلارون ساعت.بنار ایکان بز باتور سلطان آری اینم آری کیلدوم ایردی آلار برله کینکاش بر بولدی برون مورزا کیلاکاندا بولداتلغان کاروان مال‌لارونی راحملی پادی‌شاه آشاه کیجیب ایردی ابدی بنکادان بوزوق بولغه توشدی

آبوالمت سلطان باراق سلطان باتور سلطان بورتنی آلا قیلب قلماقفه آق ایژ برله آلمان بیرایک دیکانکا بزلار اینمز بزنینک تبغان پادیشاه‌دان نی زبان کوردونک‌لار آطا بولدی بزلاکا آنا بولدی قزیل برله باشیل قرا تولکو قرعاجین کیدونک‌لار هر نه تلاؤمزنی بیردی قیش قیشلاؤ بولدی جوغه بازلاؤ بولدی جاو آلغانده پنا بولدی اوغری قیلب تورشکان مزاولارنی تولونکزغه بیردی نه زیبان کوردوکزلار مندای عدول پادی‌شاه بو زامانده نابواورمو مکر سزلار پادی‌شاه‌نینک نی دیکانین بیرمه‌سنکز بولغه توشه‌سانکز بز سیزلارنینک تابغان قاعاق* برله پادی‌شاه اساندا‌لم جاؤمز دیدم

ابدی قیچاندا بولسه کیراک بوز کوروشکا بارسونلار کیراک مندا بولسونلار شول سلطانلاردان صورا قرا سقالندا بسرلارندا ساؤداگرلارنودا جواب بیرمه‌سلار مقلا جلدام اشلار بتر بزنینک برله تیمک بولغانین شوندا کوروزمیز بر الله بترسه بز بتروزمز انشاء الله مقام مه پادی‌شاه بولندا اوزومز آبوالخیر خان نور علی خان ابر علی سلطان خواجه احمد سلطان دوست علی سلطان آی — جواق

سلطان عدول سلطان جنکفوز سلطان آغمز نیاز سلطان ارغلانلار قرا باش
سلطان درمحمد سلطان اوروس سلطان

زیبورانم قلعه‌ده بر حدایعه سیونیب پادی‌شاه‌نینک مزمتنی قلیب اوغون
آتیب قلچین چابرمان کمدر...سه پادی‌شاه‌غه قارو شلیق قلعان کشلارنینک
صونکدا من عرض الله‌غه معلوم دور

ایکنچی پادی‌شاه‌غه سوز اولکم معلوم قیلامز بنارال لبنی‌نانت برله
آبوالبیت سلطان ایلان سلطان بوز کوروشکاندا بزنینک نورعلی سلطان برله
ابر اعلی سلطان هم بارغان مساعت ایچنده بولعان ابردوک آبوالبیت
سلطان برله آبلای سلطان بزلاردان زیاداراق صیلادی بزنینک آکامزدان
پادی‌شاه‌غه مزمتی بلارنینک آرتیق بزلامی آکامزدان صونکرا بزلارکا اوشبوندایی
بولا ایکان دیب مطرلاری قالیب کیلکانلار بز اول زعلی خانغه اوکوت‌لاب
ابردوم مندایی اشلارنی بلکانم بوق ابردی هنوز اشنی کم باشلاب آمبرنه شول
چوغار دیب

خط امه لل۱۱ سنه... محرام ۸
کمینه ملا الصمد دیوان قولیم قویدوم

ابوالخیر خان... سلطان...

1745 жылы Абылай сұлтанның Сібір губернаторы Сухаревқа жазған хаты

Ғиззатлу хұрметлу уа меруертлу уа дәулетлу уа шәукетлу уа барчаға рахымлы ұлұғ падишаһ хазретлерінің гасподин Алексей Михайлоуич Сукроф ианаралға мен Абылай сұлтандан көбдін көб дұғай сәлем. Біз мұнда есен аман тұрамыз шүкір аллаға. Сіз анда есен аман болұңыз. Сөзіміз олдұр мұнда падишаһ иұртына қаршылық қылыб иатған бір пара үйсүн деген халық бар. Иоғары қалмақ бірлә қазақ арасында падшаһ иұртына қаршылық қылыб иатқандан һеч файда табмадұқ. Мұнда қазақ иұртына аралай алмадұқ анда орұс иұртына аралай алмадұқ. Ескі қылған иазықларымға иаңа тәубә қылдұқ. Падшаһға баш саламыз деділер үч иүз үйлі кішінің башлығы бізге келіб баш салұб қайтды. Аңа не хүкүм қыласыз падшаһға баш сал деб хүкүм қыласыз мұ иа иса баш салма деб хүкүм қыласызлар мұ. Анық хүкүмін гасподин Алексей Михайлоувич ианарал сіз білүрсізлер. Сізнің айтқан бирұғұңызға падшаһға баш салұб құл болұб көнүб тұрмақлықға мұштадур ол халықлар. Шолардын бір иігіт Тобыл шаһарында түрмеде тұрадұр деб ештүблер атасының аты Жаулыбай ағасының аты Ибаш өзінің аты Байиігіт. Падшаһға баш салұб құл болған себеблі сіз Алексей Михайлоуич ианарал рахым қылыб қайтарғай едүңіз. Егер рахым қылсаңыз бізнің иіберген Чафа ұғылы Ешдәулет деген иана иолдашы Есенаман ұғлы Боздақ шолардан қалдұрмай иібергей едүңіз.

عزتلو حرمتلو و مروتلو و دولتلو و شوکتلو و بارجاعا رحملی اولوغ پادشاه
حضرتلری تینك عسپودین الاکچای میکای لیچ سوکراف ینارالده من آبولای سلطاندین
کوبدین کوب دوعای سلام بزموندا ایسان امان تورامز شکر الله عه سز اندا
ایسان امان بولونکز سوزیمز اولدور موندا یاد شاه یورتینه قا رشلق قیلب یا تقان
بر پارا اویسون دیکان خلق بار یوغاری قالماق برله قازاق اراسیندا پادشاه
یورتینه قارشلق قیلب یاتقاندین هیچ فایدا تاپمادوق موندا قازاق یورتنه آرالای
المادق اندا اووس یورتینه آرالای المادوق ایسکی قیلغان یا زیقلارمزغه ینکا
تاژیه قیلدوق پادشاهغه باش سالامز تیدیلار اچ بوز اویلی کشی تینك باشلیغی
بزکه کیلب باش سالوب قاپتدی آنکا نی حوکوم قیلاسز پادشاهغه باش سال
دیب حوکوم قیلاسزمو یا ایسا باش سالما دیب حوکوم قیلاسز لارمو آنینك حوکومین
عسپودین آلاکچای میکا یلیچ ینارال سز بیلمو سزلار سزنینك آیتکان بیورو عونکزچه
پادشاهغه باش سالوب قول بولوب کونوب تور ماقلیقنه موشطا قدور اول خلق لار
شولاردین بر بیکت تحول شاهیدا تورمادا تورادور دیب ایشتوبلار انا سنینك
آطی جاژلی باي آغاسینك آطی ایباش اوزینك آطی باي بیکت پادشاهغه
باش سالوب قول بولغان سیملی سز آلاکچای میکا یلیچ ینارال رحیم قیلب
قاپتارغای ایدونکز مکر رحیم قیلسانکز بزنینك یمارکان چاغه اوغلی اینی
داژلت دیکان ینه یولداش ایسان آمان اوغلی بوزداق شولاردین قالدورمای
یمارکان ایدونکز

1748 жылы кіші және орта жүз старшиналарының Нұралыны хан сайлау үшін патша атына жазған өтініші

Барча шәукетлі уа құдретлі ұлұғ бадишаһымыз ғузма императоритса иағни исмі шарифалары Елизаует дүр. Үлкен Петрнің ғазиз ферзендісі хазретлерінің өзлері түткучы дүр. Тамам рус иұртұны һәм өзгелерні һәм өзгелерні һәм өзгелерні бадишаһымыз дүрләр жұмлайа мархаматлы.

Ғарыз қыламыз қазақ иұртының орта иүзінің уа кічі иүзінің төбен иазұлғучы билері уа батырлары уа барча белгүлі уа датыңыз халайықларұмыз бізім ғарзымыз. Не себеблі ердүк мағлұмдүр мұндын төбен.

Сіз ұлұғ бадишаһымыз ғузма хазретлерінің растлықлы

табиғыңызда болұнғучы Әбулхайыр хан бұ фәни дүниеден рахилет қылды. Имді анын орнына мирас иесі ұғұллары Нұралы сұлтанны ханлыққа сайладұқ.

Егер жандүке ол Нұралы сұлтанны өзүміз кәнду қағидамыз бойынча ханлыққа сайласақ да сіз ұлұғ бадишаһмыз ғузма хазретлерінің иғлатар фарманларұңыздан башқа үлкен хан қылұрға қойа алмаймыз.

Шоның үчүн сіз ұлұғ бадишаһымыз ғузма хазретлерүнден барча бендечілігіміз илә өтүнемүз. Иағни сіз ұлұғ бадишаһымыз ғузма хазретлерінің иғлатар фарманларұңыз илә биұрұлса ерді. Бұ Нұралы сұлтанны аталары Әбулхайыр хан орныға үлкен хан болұрға уә һәм шол аталарының үлкен хан болмақлық мәртебелеріге иарылханұб биұрұлса болса ерді. Сіз ұлұғ бадишаһымыз ғұзма хазретлеріңізнің иғлатар алтұн мөһрлі фарманнамаларұңыз жұмлайа мархаматлы ұлұғ бадишаһмыз ғузма хазретлері тілейміз сізлернің ғали хазретлеріңізден бұ бізім барча бендечілік илә ғарызымызға мархаматлы хүкүмүңізні қылғайсызлар. Сана 1141 нәжм ахрабның 5 иұмына үшбу ғарызнаме орта иүзнің Жәнібек тархан кәнду мөһрүн уа ғайри орта иүз кічі иүзнің билері һәм батұрлары тамғаларыны бастылар.

Жәнібек молла ибн
Орта иүзнің Наурызбай тамғасы — Бабай бинің тамғасы
Жалмамбет бинің тамғасы — Бахтыбай бинің тамғасы
Қойсары бинің тамғасы — Мөңке бинің тамғасы
Хұдайшүкір батырның тамғасы — Есеңбай бинің тамғасы
Төлек бинің тамғасы — Монақ бинің тамғасы
Кічі иүзнің Кедей бинің тамғасы — Мөмтек бинің тамғасы
Мәмет аталұқның тамғасы — Бимет батұрның тамғасы
Хожанай бинің тамғасы — Хұдайназар бинің тамғасы
Тілеуберді бинің тамғасы — Тілеумет бинің тамғасы

بارچه شوکتلی و قدرتلی اولوغ بادیشاهمز عظمی ایمپیراتریتس یعنی
اسی شریفه‌لاری بلی‌صاوْبت دور الکان پطربنگ عزیزه فرزنداسی
حضرتلاریننگ اوزلاری تونغوچی‌دور تمام روسی بورنونی هم اوزکالرنی هم
اوزکالرنی هم اوزکالرنی بادیشاهمزدُرلار جمله‌یه مرحمتلی

عرض قیلامز قزاق بورتونینگ اورنا یوزبننگ و کچی یوزبننگ توبان
بازولغوچی بی‌لاری و باطرلاری و بارچه بیلکولی و دنیکز‌ْ خلایقلاروم بزیم
عرضمز‌ْ نی سببلی ابردوک معلوم‌دور موندین توبن


ا

سز اولوغ بادیشاهمز عظمی حضرتلری‌ننگ راستلقلی طابیعنکزدا بولونغوچی
ابوالخیر خان بو فانی دونیادین رحلت قیلدی ابندی آننگ اورنیغه میراث
اباسی اوغللاری نور علی سلطان‌نی خانلغغه صایلادوق

اکر چندوکه اول نورعلی سلطان‌نی اوزومز کندو قاعیده‌مز بوینچه خانلغغه
صایلاصاقدا سز اولوغ بادیشاهمز عظمی حضرتلرینگ اعلاتر فرمانلاروینکز
مانینه الکان خان قیلورغه قبا آلمایمز

۳

شونینگ اوچون سز اولوغ بادیشاهمز عظمی حضرتلروندین بارچه بندوجلکمز
ایله اوتونمز یعنی سز اولوغ بادیشاهمز عظمی حضرتلرینگ اعلاتر فرمانلاروینکز
ایله بیروراسا ابردی بو نورعلی سلطان‌نی آنلاری ابوالخیر خان اورنیغه الکان
خان بولورغه و هم شول آنلارننگ الکان خان بولواداق مرتبه‌لاریغه بارلغانوب
بیرولمسی بولسا ابردی سز اولوغ بادیشاهمز عظمی حضرتلرینگز" اعلاتر الثون
مهرلی نرسان نامه‌لاروینکز جمله‌یه مرحمتلی اولوغ بادیشاهمز عظمی حضرتلری
تلاییز سزلارننگ عالی حضرتلرکزدان بو بزیم یارچه بندوجلک ایله عرضمزغه
مرحمتلی مکروونکزنی قیلغای‌سزلار سنه ۱۱۹۱ نجم عقربننگ ل یومنده ایشبو عرض
نامیه اورنا بوزننگ بیناک نرسان کندو مهرون و غیری اوزنا بوز کچی
بیوزننگ بیلاری هم باطرولاری نامغالرنی باستی‌لر



1785 жылы Нұралы ханның О.А.Игельстромға өзіне бағынбаған елдің наразылығын басу үшін әскер шақырған хаты

Ғали каһали уа ғали жаһали жанарал парутчик уә һәр нұғ қауалер Уфа уа Сімбір шаһарларының жанарал губернаторлық амалын ада қылғучы Орынбурұғ уалайатының баш дабыты қағдалы уә қағдасыз Орынбурұх ләшкерінің сардары Осиф Андурейуч Игельстром хазретлеріне.

Ғали каһали хазретлерүңізнің үшбу асадның 16 уа һәм 18 иұмында иазұб иіберген екі мәктүбіңіз баңа уасил бөлұнды. Ол мәктүбіңізде уа харами уа һәм баңа дұшманлық қылғучы қырғыз қазақларны бұзұқ харакатүн иазұб бені ғайатда махзун қылдұңыз. Ол харами қырғыз қазақлар сізнің ғали хазретлерүңізге қандай дұшман болұнса бізге шондай дұшмандүр.

Уа шол харамиларның бенден иүз дөндүрүб уа баңа дұшманлық қылған харакатларыны бенім иүзүме ұрғантек. Анларның ханы сіз шо кіріфтар олұнмыш адамларымызны өзүңізден ғизатлу фарзандлерүңізні иіберүб ол кішілеріні

алдұрұб мында қайтарасыз. Дайу баңа шилта қылұб иазғаныңызға бек ғайатда махзун олдұм. Ғали хазретлерүңіз баңа инанмаған шекіллі. Ол харамиларға маштурак қылұб иазасыз ол қылықларұңызға бен хайран олдұм. Ол харамилар бені өзлерүне дұшман біліб уа бенден иүз дөндүрүб иүргенлеріні менден ғали хазретлеріңізге иазсам да әлде болса баңа инанмай ол қырғыз қазақларұңызға ұғланларұңызны иіберүңіз дерсіз. Ол харамилар бенім иарлықымны алмақ дәгүл қайта анда иіберген ферзенднімізні де есенлік илә иібермейділер бәлки өлтүреділер білемін. Уа шол себебден бені өзүңізге дост көрмейсіз болғай деб білемін. Аның үчүн кім харами қырғыз қазақларның харакатүнден бен сізге инанұмсыз болдұм уа мында тамам қырғыз қазақ иұртұна инанұмсыз болдұм. Айталар хан орұсның ханы бізға жан тартмайдұр дайу бенден иүз дөндүрүб кетділер екі арада би инанұмсыз болұб уа һәр екі тарафда сығначақ иерүм қалмады.

Уа зира кім ол харамилерні өзүме дұшман білгенлігімізден ғәли каһали хазретлеріңізге иазған ердүм ол харамиларға әскер иіберұб қоркұтмасаңыз анлар һеч де тиұлмаслар дайу.

Алда ғали хазретлерұңізге өз тарафымдан достлұқым илә мүшауйра қылұб маглұм қыламын уа шол харамилернің еллерүне Ор қалғасындан төменгү иерден үлкен әскерлер иіберұб Елек башұндағы уа Жем суының башұндағы елні чабдұрұб хараб едүб уа екінчі андай намақұл харакат қылмасдай едүб уа тамам қоркұтмасаңыз бені анлар һечде хан деб білмеслер уа сәркешлүклерінде де қоймаслар білемін. Шол себебден өтүнемін тез жаһат үшбу мәктүбім барған сағат мәзкүр ләшкер илә харакат қылдұрғай ердіңіз. Уа ма бақи һәмише али каһали хазретлерүңізнің тамам ғали хұрметлү ахил бітүңіз. Илә уа тағирсыз ыхласұмыз бірлә хайр уа ғизат уа икрам қылмақлықымда болұнұб Мужудим үшбуңар инанмақ үчүн Нұралы хан кәнду алим илә өз мөһрім бастұм.

Хан баһадұр Нұрмұхаммед али.

Асадның 21 иұмында сәнә 1785


Ғали каһали уа али жаһали жанарал парутчик уа һәр нұғ кауалер Сімбір бірлән Уфа қайым мақамының жанарал губернаторлық уәжибатын ада қылғучы Орынбурұх уалайатының баш дабыты қағдалы уа қағдасыз Орынбурұх ләшкерінің сардары Осиф Андурейуч Игелстром хазретлеріне.

علی کاهلی و علی جاهلی جنرال پاروتچیک وهر نوع کوالیر اوفی وسیر شهرلرینک جنرال کوبرناطرلق عطین آدا قیلغوچی اورین‌بوروغ ولایتی نینک باش ضابطی قاعدهلی و قاعدهسز اورین‌بوروغ لشکری‌نینک سرداری اوسیف اندورای‌وچ اوکل‌اسطرام حضرتلرینه.

علیکاهلی حضرتلرونکزنینک اوشبو اسدنینک ۱۶ وهم ۱۸ یومنده یازوب یبارکان ایکی مکتوبنکز بنکا واصل بولوندی اول مکتوبنکزده و حرامی و هم بنکا دوشمانلیق قیلغوچی قرغز قزاقلرنی یوزوق حراکتون یازوب بنی غایتده محزون قیلدونکز اول حرامی قرغز قزاق‌لر سزنینک علی حضرتلروکزغه قندای دوشمان بولنسه بزکه شوندای دوشماندور

و شول حرامی‌لرنینک بندین بوز دوندوروب و بنکا دوشمانلیق ملفان حراکت‌لرنی بنم یوزومه اورغان ثبک آنلرنینک خانی سز شو کبرفتار اولونش ادام‌لرمزنی اوزونکزدین عزیلو فرزندالرونکزنی یباروب اول کشی‌لرنی آلدوروب

منده قایتارامز دابو بنکا شیلته قیلوب یازغانکز خه ثبک غایتده محزون اولدوم علی حضرتلرونکز بنکا اینانمغان ثیکلی اول حرامی‌لرغه مشتراك قیلوب یازامز اول قلولرونکزغه بن حیران اولدوم اول حرامی‌لر بنی اوزلرونه دوشمان بلب وبندین یوز دوندوروب بوروکانلرنی مندان علی حضرتلر نکزغه یازسامده آلده بولسه بنکا اینانمای اول درغز قزاقلرونکزغه اوغلا نارونکزنی یبارونکزدرمز اول حرامی‌لر بنم یارلیغمزنی آلماق داکول قایطا آنده یبارکان فرزندامزنیده ایسان‌لیک ایله یبارمادیلر بلکه اولتوردولر بیلامش و شول سببدین بنی اوزونکزغه دوست کورمای‌مز بولمای دیب بیلامن آنینک اوچون‌کم حرامی درغز قزاق‌لر نینک حراکتوندان بن سزغه اینانومز بولدوم ومنده تمام درغز قزاق بورتونه اینانومز بولدوم ایتهلر خان اوروص‌نینک خانی بزغه جان نارنمایدور دابو بندین یوز دوندوروب کتدیلر ایکی آراده بی‌اینانومز بولوب وهرایکی طرافده صعنه‌چاق


بروم هالادی
و زیراکم اول حرامی‌لرنی اوزومه دوشمان بلکان‌لیکمزدین علی کاهلی
حضرتلرونکزغه یازغان ایردوم اول حرامی‌لرغه عسکر بیاروب موروتمسانکز آنلر
مجده طیولماسلر دایو
آلده علی حضرتلرونکزغه اوز طرافمدین دوستولیغم ایله مُشاویرا ایلوب
معلوم قیلامن و شول حرامی‌لرینینک ایلآرونه اور ملعمستدان تومنکه
بردین اُلکان عسکرلر بیاروب ایلک یاشوندغی و جیم سوی‌نینک یاشو
ندغی ایلنی چاپدوروب مراب ایدوب و ایکنجی آندای نامقول مراکت قیلما
سدای ایدوب وتمام موروتمسانکز بنی آنلر مجده خان دیب بلماسلر و سرکش
لیکلرونده قویماسلر قیلامن شول سببدین اوتونامن نیز جهت اوشبو مکتوم
یازغان ساعت مزکور لشکر ایله مراکت قیلدورغای ایردنکز وما باق
همیشه علی کاهلی حضرتلرونکز نینک نام علی‌جرمنلو اهل بیتونکز ایله و تفریز
اخلاصومز برله جبرماعلاکمک لیکم و عزت و اکرام قیلماق‌لیغده بولونوب موجودم
اوشبونکار اینانسق اوچون نورعلی خان کندی الم ایله اوز مهرمی باسدوم

خان بهادور نورمحمد علی
اسد نینک ۲۱ یومنده سنه‌ل۱۷۸
کاهلی و علی جاهلی جنرال پاروتمیک وهر نوع کوالیر سپر برلان
غامنینک جنرال کوبرناطرلق واهیتین آدا قیلغوچی اورینبورغ

1793 жылы Тіленші Бөкенбай ұлының Шерғазы сұлтанға жіберген мәлімдемесі

Сізге ғизатлу хұрметлу ғали каһали Шерғазы сұлтанға қырғыз қазақ иұртының кічі иүзінің идемір руғы баш старшинасы тархан Тіленчі Бөкенбай ұғлұндан иғлам нама.

Сентәбрнің 25 күнінде Жанызақ мырза бірлән иіберміш кітабыңызны иолұқтұрдұм. Хатыңызға һәм Жанызақға тіл ләфез бірлән айтқан сөзүңізге би разы уа хошнуд болдұм. Әлбетте иұртның жиұлған билері тарқаған соң келді. Анларның жиұлғанда өзлерінің кімден не түрлү жафа көргенлерін өзлері хазретіңізге ғайан уа байан қылұрлар. Бен кәнду өзімнің һәм халқымның көрген жафаларын һәм қоркұб сархаддан көчіб кеткенімні мұндан төбен ғайан қылұрмын. Некім біз ол ұлұғ императоритча падшаһ ғұзма хазртлерге ант уа иман қылған соң һечде Орал бойындан чыққаным иоқ ердүр. Әууел Айчуақ сұлтандан тұтқұндан

чыққан соң бізнің табұн рұғының Елекбай, Бармақ, Естемес, Тілеулі бір нече ауыллар бірлән сархаддан алыс сахраға көчіб чықдылар орұсқа иау боламыз деб. Бармақның анасы башқа аға інілері һәм туғанлары бізге келіб иғлам қылдылар. Туғанларымыз қырға көчіб кетділер. Біз мұнда Орал бойұнда көчіб иүруімге мүмкін болұр мұ. Біз андарның иаманлықына қошұлғымыз келмейдүр дегенлері бойұнча мен ол биүк хұрметлу уа биүк насиблу господин жанарал Анишеф һәм ғаламатлу кауалер барон Осиф Андуриуч Игелстром хазретлеріге ғайан қылыб ғарыз қылған ердүм. Ол заманда баш дабытлық қылыб тұрған ерді. Бенім ол ғарыз илә ғайан қылғанымға жауаб берді. Ол Айчуақ сұлтанға иіберіб қырға чыққанларның туғанларын ишандұр, анларның қылған бұ харакатлары үчүн зиан уа зарар көрмеслер деб. Шол мұхтарам жанарал Анишеф һәм кауалер хазретлерінің әмір иарлықы бойұнча Бармақның туғанларын ишандұрдүм. Қорықмаңыз Орал бойұндан көшмеңіз бенім бірлән бірге иүрүңіз зиан зарар көрмессіз деб. Бірнече иыллардан соң ол мұхтарам жанарал Анишеф кеткен соң Айчуақ сұлтан балалары Бармақның інісі бірнече кішілер бірлән атланыб келіб Елек қалғасындан екі кіші орұс бірлән отұз атлар алұблар. Анларның соңұндан Елек қалғасының кішілері қуа чығұб ұғрыларға иете алмай қашындағы Қадірбек табұндағы екі кіші ұстаб мың иылқылар алдылар. Иылқыларның өзгесін берүб иүз отұз алты баш атларын алұб қалдылар. Шондан соң менім қашымдағы Қадірбек табұн жиұлыб Татан Арғұнбай баш болұб екі орұсны тартыб алыб келіб Елек қалғасына берділер. Соңыра көб барымталашыб чабұшдылар. Он бір ат өлді Татанны һәм інісін Сүнгі бірлән Айчуақ сұлтан балалары Алғазы Шерғазы иараладылар. Онбайны қылыч бірлән чабдылар. Ахыры қырық бие алдылар. Иана Орал қалғасының кішілерін беш орұс алдылар. Елек бойұнда олтұрған кішілерімізден он бір кіші ұстанды. Ол орұсларны сатыб алдұрдұм һәр қайсысына иүз отұз қойдан берүб. Иане қалмақ Уфа крепісінден иылқылар ұғырлап алдылар. Айчуақ

сұлтанның иолдашы Тулеулі, Бек, Үмід дегенлер қыш күнінде Данил Данскоф қорқыб зорлық қылыб бізден сексен алты ат алды. Былтұрғы иыл Айчуақ сұлтан сархадқа көчіб келген соң Татан бірлән Арғұнбай барұб Данскофқа өз халларын Айчуақ сұлтан бірлән араз еркенін, тартыб алған екі орұс үчүн қырық бие бергендерін һәм өзлерінің иаралы болғанларын айтыб имді Айчуақ сұлтан Орал бойнына келді. Бармақны қырда ташлабдұр. Бармақ бір иауұз іш қылса Айчуақ сұлтан аучылық бірлән бізні орұсқа ұстатұр дегенлері еркен. Данскоф айтұбдұр мен өзүм білемін сіз бізнің орұсларымыз үчүн мұнча жафа көруб падшаһ ғузма хазретлеріге хызмет қылдұңыз. Бармақ үчүн Айчуақ сұлтанның аутқуы бойұнча сізден кіші ұстамасмыз, қорықмаңыз сархаддан көчіб чықмаңыз деб ишандұрұбдұр. Шоның бойұнча бізнің бірлән бірге қышладылар. Мерген фарбосы қашында өткен қышын сегіз хатұн бірлән он байны ұстады. Сондай фарбосының башлығы Митрасау бұрұн бір хатұн ұстаған ерді. Хабардар болдұм Айчуақ сұлтан бұрұнғы хасадлығы бойұнча чығұб ұстатыбдұр. Бармақ орұс алған үчүн нече карат ұлұғ хакімлерге иазұб тіледім мұнларның би күнәһ еркенлерін ғайан едуб разылық тапмадұм иане Шулуқ Естемеснің туғаныны Айчуақ сұлтанның иолдашы бұлан деген бешінчі ел Орал қалғасының төбенгі тарафындан қалмақ бірлән орұс иылқысын алған имді өткен қыш Бұланның бикүнәх туғаныны Сұлтан дегеннің қыз қарындашын һәм өзін ұстады. Иылқы иелері Айчуақ бірлән бірүгіб өзінің иолдашлары алған иылқылар үчүн сұлтан өзі қачыб чықды, хатұнын ұстаб алды би күнәх. Иылқылар төлемеймін деб екі орұс алған хатұныны бірлән інісі үчүн шоның соңындан үч кіші қазақны ұстады. Сахарнай крепісінің иасауылы менім иылқыларым иоғалғанын ізлей барған ұғлұм Едігені ұстабдұр еркен. Фарбосы қашында мерген бірлән Самарнай арасында бір фарбос бар. Аның соңұндан бөлемні ұстады деб Орұнбұрхқа иіберсем екі атымны ұғырлаб алдылар. Һәли һүнүз иоқ иане былтұрғы

иаз бір бөлем ғалымлық үгренмек үчүн базар қалғасы қашындағы медресеге барған ерді. Күз болғанда Орұнбұрхда сархад ішлерін ада қылатұрған мехкемеден молла тіледүм. Қыш күнінде бөлемні үйүмде оқытыб ғалымлық үгретсүн деген бойұнча молла бірлән бөлемні ол мұхтарам жанарал парутчик Уфа қайым мақамының мүдірі һәм кауалері иол хаты берүб иіберүбдүр. Үйүмге қайтаръб ол заманда менім ауылым қырға малларым жидұрмақ үчүн көчүб иүрүген ердүм. Ұғлұмны һәм молланы Дансков тоқтатыбдүр. Иібермей өзүм Орал бойұнына қышлақға түшдүм ол заманында һәм иібермеді. Үч ай тұтды. Ахыры иаман ауру қылыб иіберді. Үйімге келіб ічінден қан өтүб офат болды ағу (у) берді деб. Білеміз иане үшбу өткен иаз күні малларымыз мұздан өтеалмай ічкі тарафда қалды. Шол малларымызны судан өткізмек үчүн саллар будурдүм. Салларымызның арқанларын кесділер. Мың беш иүз арқан өзүмізге ерік бермей қайық бірлән күчлік қылыб өткізділер. Иүз қойдан беш қой алъб, түйеден бір қой алдылар. Бізнің халқымыздан үч фарбос кішілері алдылар. Мерген фарпосы сегіз иүз қой отұз атлар төрт иүз қойдан иүз қарсақ елтірінің хисабы мыңға иақын бар. Һәр фарпосда шондақ өзүмнің салымны кесіб кішім суға кете иазлады. Бұ ішлерні мерген фарпосында Митрижғанин бірлән сондай фарпосның башлықы Хитрасаф дегенлерден көб жафалар көрдүк. Соңра халқымызға ыхтиар берүлді. Сегіз иүз қойлы кішілер өзлері сал бірлән өткізділер. Бір қой бермейінче кім сахарнайда ұстатқан бөлем ізлей барған иылқыларым һәли һунуз ұрұсда бірі сахарнайда, бірі Орал қалғасында татарда бұ ішлернің барчасын Айчуақ сұлтан бірлән Ешім сұлтан сархаддағы орұсның башлықлары бірлән бірүгіб қыладұр. Аның үчүн шо иердегі Орал қалғасындан төбенгі өткізген маллардан иеті иүз қойлар Ешім сұлтанға берді. Дансков һәм Айчуақ сұлтанға берүбдүр. Біз жәбірлерімізні иғлам қылсақ һәжде разылық табмадұқ. Жағалбайлы Тотай батырның өпкесін бенге иғлам қылды. Бұрұн иеті мың беш иүз иылқыларымызны башқұрлұқлар

қуыб алдылар. Өткен қыш менің беш иүз иылқыларымызны алды. Нече керет Ералы хан артқылы талаб қылдүм. Һәжде разылық табмадүм біз барүмта қылыб башқүрлүқлардан мал алған ердүк. Ералы хан алүб иелеріне иағни башқүрлүқларға қайтарүб берді. Бізнің иылқыларымызға хәжде разылық қылмадылар. Аны Ералы хандан көремін. Өзүсінің башлықлары бірлән берү көб. Мен биғилаж орүсқа дүшманлық қылыб маллар, адамлар алалық деб иүрүміз уа иане мағлүм үйіне қарғалы бестесінің әууел рутбе саудагері Абдулхалық Абдулрашидүғлы он төрт кіші ұстады. Қара мөнке табүндан керуенімізні талады. Жанызақ хан Назар куә деб Жанызақ бірлән хан Назардан сұраб білдүк. Жанызақның дүйіесіне артқан бір дүйіе иүгі жіб алғанлар еркен. Ол жібнің иарымындан да табүн алған еркен. Берүблер хан Назар бірлән Жанызақның кішісіне бір тай Қарамөңкеде қалған еркен. Анлар һәм өзлерінің алған жібіні Айчуақ сұлтанға берүблер. Иеті иүз қой Қарамөңкеден алды иане беш иүз қой аламындүр. Дандадан Ешім сұлтан Айчуақ сұлтан біргіб мараруға мүндай жағалар қылдылар. Месер табүндан төрт ауылның дүйіесін алды. Месер руғындан аның малын талағанда кіші иоқ түйесіні иелері барүб хазретіңізге иғлам қылүрлар. Иақ кине Қаратау Өмірзақүғлы баш болыб Орал әскерінің халаларыдан пічен чабқан иерлеріңден бір нече кішілер алүблар. Анларның соңүндан ғизатлу полкуник Орал әскерінің һәм атаманыны Данила Данскоф әскері бірлән чығүбдүр. Зәкір Өмірзақүғлыны ізлей өзінің алүнған кішілерін һр түрлі уа жеһе илән болса да қайтармақ үчүн иолында кердері руғының ыстаршина Тілеб Қорбашүғлының һәм ыстаршина Қошақ Құнасынүғлының руғларындан бір нече едлер екен. Егүб иатқанлары иолүғүблар Данскоға. Өзлерін иғлам қылғанлар Данскоф айтыбдүр менім сізнің бірлән ішім иоқ. Байүғлы руғының Қаратай Өмірзақ ұғлыны ізлеймін деб. Зәкір егүнчілер өзлерінің ақлықларына ишаныб Данскофның сөзіне һәм зарар қылмағанына ишаныб тұрғанларында соңындан кине

